Аннотация. Мақалада зерттеу нәтижелерінен ұлттық қоспа тағам бозаның ақуызы, майы, көмірсуы, қуаттылығы, барлық негізгі дәрумендері-А, В, С, Е, РР бар екендігі айқындалды. Дәрумендерден РР, С дәрумендерінің көрсеткіші, қоректік құндылығы жағынан ақуыз, май тағамда жақсы нәтиже танытты. Боза тағамының сапасын сипаттауға бірінші реттегі аминқышқылы қатарына лейцин, лизин, треонин молдығымен анықталды. Ал, алмаса алатын аминқышқылдарының арасынан глутаминнің мол көрінуі де тағам сапасына кепіл бола алады. Ол адамның жалпы денсаулығын күшейтіп, кеселге қарсы қасиетін арттырып, ерте қартаюдың алдын алып, жұмыс істеу қабілетін көтереді. Бозаның қоректік қасиетінен басқа адам ағзасында қан айналымын жақсартып, қан тамырларының ішкі жағындағы қаспақтарды тазартып, зат алмасуын күшейтеді.

Ағзаның биологиялық және физиологиялық қызметін қалыптастыруда қазақ ұлттық тағамы бозаның бағалы қоректік заттармен қамтамасыз етуде алдыңғы қатарда екендігі анықталды. Практикалық жағынан алғанда зерттеу нәтижелеріне сүйеніп дастархан мәзіріне нәрлілік деңгейін жоғарылатуға толық мүмкіндігі болады. Қоғамдық және жанұялық тамақтану орындарында зерттеу нәтижелері бойынша дайындалған кестелік мәліметтер пайдаланылады. Бұл дәстүрлі қазақтың сусыны әрі қарай дастарханнан өзіне лайықты орын алады деуге толық негіз бар.

Кіріспе. Дешті Қыпшақ даласында өмір сүрген біздің ата-бабаларымыз жорықта, көшіп-қонуда, сапарда, ыстықта, шаршап-шалдыққанда өзінің шөлін қандыру үшін ұлттық сусындардың талай тамаша түрлерін ойлап тапқан. Сусын ішіп отырып ашық-жарқын әңгіме құрып, талай істің

шешімін тапқан, соңына өсиет болар өнегелі сөздер де қалдырған. Қазақтың осы ұлттық сусын-дарының ішінде кең тарағандары: қымыз, шұбат, айран, боза, көже және тағы да басқалары [1].

Боза сусыны Түрік елінде Сары Салтық хан кезінде пайда болған деген тұжырымдама бар. Бірақ, XVI ғасырда Селим II ханның кезінде бозаны сатуға тыйым сала бастады. Бірақ, Э. Челеби деген саяхатшы сол кезде бозаны кең тараған сусын және сол кезде боза сататын Стамбулда 300-ге жуық дүкендердің болғанын айтады. Боза - дәнді дақылдардан ашытып жасалатын ежелгі сусын [2].

Зерттеу материалдары. Біз зерттеу жұмысымызда зерттеу материалдары ретінде боза сусынын алдық. Оны дайындау үшін 1 кг бидай жылы суға салынып қапта немесе керсенде сақталады. Үш күннен соң олардың тамыры өніп шыға бастайды. Осы күйінде диірменге тартылады. Оған май шыжғырып қуырылған және қайнатылып қоюланған сөкті қосып быламық жасалады. Бұл соңғы зат (быламық) бір күн жабық күйінде ашиды, ауық-ауық қозғап араластырылады. Ең соңында быламық дәке немесе жұқа сұрыптан сүзіледі. Алынған сұйық сусын Боза деп аталады [3].

Зерттеу әдістері. Қазақ Тағамтану академиясының базалық зертханасында нысанға алынған бозаның құрамындағы ақуыз, май, көмірсу мөлшері мен қуаттылығы анықталды.

Бозаның ақуызы микро-Кьелдаль әдісімен анықталды [4-6]. Майлардың жалпы мөлшері Д. И. Кузнецов пен Н. П. Гришина әдісі арқылы анықталды [7]. Көмірсулардың жалпы мөлшері құрғақ қалдық пен ақуыздың, майдың және минерал заттардың арасындағы айырмашылық арқылы есептелді. Тағамның ылғалдығы, құрғақ қалдығы, күлділігі белгілі физикалық-химиялық әдістерді қолданумен іске асырылды [8]. Тағамның энергетикалық құндылығы ақуыз бен көмірсулардың бір грамм мөлшерінен бөлінетін жылу коэффициентімен есептелінді, ол 4,1 килокалорияға тең, ал майдың коэффициенті 9,3 ккал.

Дәрумендердің мөлшері: В₁ (тиамин), В₂ (рибофлавин)-флюорометриялық, РР (ниацин)-химиялық, С, А, Е- колориметриялық тәсілдермен анықталды [9].

Зерттеуден алынған деректер кәдуілгі статистикалық тәсілмен өңделініп, компьютерлік бағдарламаның көмегімен іске асырылды [10].

Зерттеу нәтижелері. Боза сусынының химиялық құрамы зерттелді. Қазақ Тағамтану академиясының базалық зертханасында нысанға алынған жоғарыда дайындалып көрсетілген боза сусынының ақуызы, майы, көмірсуы, қуаттылығы анықталды (1-кесте).

1-кесте – Бозаның химиялық құрамы

| № | Химиялық құрам аттары | Мөлшер, (100 г тағамда) |
|---|-----------------------|-------------------------|
| 1 | Ақуыз, г | 3,83±0,03 |
| 2 | Май, г | 1,1±0,01 |
| 3 | Көмірсу, г | 0,39±0,03 |
| 4 | Қуаттылық, ккал | 27±0,08 |

Боза сусының құрамдастығы жағынан 1-ші кестеде көрініп тұрғандай ерекшелігі жоғары. Ондағы ақуыз мөлшері – 3,83 г. Майлылығы бойынша – 1,1 г, ал көмірсу мөлшері – 0,39 г екендігі анықталды. Тағамдық қуаттылығын анықтаушы ақуыз, май және көмірсу боза сусынында бар екендігін, оның ішінде айрықша ақуызы мол екендігін атап өту орынды, себебі ақуыз жетіспеушіліктен сақтануға үлкен септігін тигізеді. Өте ұтымды және тиімділігі оңай әдіс.

Дайындалу технологиясы мен сақталу мерзіміне қарай жас Боза, қорланған Боза деп те атайды. Жас Боза құрамында 4-6%, ал қорланған Бозада 12-15% спирт болады. Бозаның уытсыз, жай ашытқымен жасалған түрін мақсым Боза дейді. Бұл ас қымыз сияқты ішімдік. Бұдан 50-60 жылдай бұрын, оны халық жақсы тұтынатын. Боза дайындаған үйге ауыл тұрғындары жиналып ішіп, көңіл көтеріп жатқандарын көріп өстік. Кейінгі кезде боза дайындау үрдісі тоқтады, себебі оның орнына вино-арақ ішу басталды. Осы кезде де бозаны некен саяқ мамандар дайындайды, тағам ішімдігін базардан табуға болады.

Бұл 2-ші кестеден боза тағамы мен арақты салыстырғанда, бозаның нәрлілік көрсеткіштерінің жоғары, ал арақта қуаттан басқа ешқандай нәрлілік көрсеткіштері жоқ екенін байқаймыз. Осыған орай бозаның құрамындағы аз мөлшердегі спирт ағзаға пайдалы – «жақсы» холестериннің жасалуына ықпал етеді [11].

2-кесте – Боза сусынының құамындағы нәрлілік заттары (басқа тағам түрімен салыстырмалы түрде)

| Нәрлілік заттар | Ұлттық қоспа тағам – боза | Арақ |
|-----------------|---------------------------|------|
| Ақуыз, г | 3,83±0,03 | 0 |
| Май, г | 1,1±0,01 | 0 |
| Көмірсу, г | 0,39±0,03 | 0 |
| Қуат, ккал | 27±0,08 | 10 |

Ақпарат беттерінен көрінген мәлімет бойынша, бозаны пайдалану денсаулыққа пайдалы екен. Айталық, С. Нупбаев [12, 13] хабарлағандай, «өндірілген бидай дәнінде С мен В₁ дәрумендері 1,5-5 есе, фолий қышқылы 4 есе, В₂ дәрумені 13,5 есеге дейін көбейеді екен. Сондай-ақ, бидай өскінінде Е дәруменінің мөлшері бірнеше есе көп болғандықтан ол адамның жалпы денсаулығын күшейтіп, кеселге қарсы қасиетін арттырып, ерте қартаюдың алдын алып, жұмыс істеу қабілетін көтереді. Осыдан бозаның күші ең алдымен өндірілген уытта екенін байқауға болады» дейді автор.

Біздің ата-бабаларымыз өскіннің қасиеттерін ерте кезден-ақ біліп, тағамға пайдаланған. Қытайда жасыл өскіндерді шамамен 5 мың жыл бұрын пайдалана бастаған. Ал, Үнді халықтарында бидай өскіні негізгі тағамдардың бірі болып есептелген. Әйгілі Гиппократтың өзі өскіннің қасиеттерін біліп, осы өнімді пайдалана отырып, денсаулықты жақсартуға диета ұстауды ұсынған. Бұл хабардан мынадай кесінді ойды да келтірелік: «бозаның қоректік қасиетінен басқа адам ағзасында қан айналымын жақсартып, қан тамырларының ішкі жағындағы қаспақтарды тазартып, зат алмасуын күшейтеді. Қаназдықты жойып, асқазан қышқылдығын қалпына келтіреді, ас қорытуды жақсартады. Бозаның буын кеселдеріне, тұз жиналу мен суық тигенге таптырмайтын емдік қасиеті бұрыннан белгілі. Сондай-ақ боза сарыпқа да дауа екен. Оның құрамында түрлі заттар мен ферменттер мол болғандықтан, зиянды бактерияларға да әсері бар. Бозаның жемсауға, қатерлі ісіктің алдын алуға шипасы мол. Боза туралы айтқанда спирттің пайдасы жайында бірер сөз қозғамаса болмайды. Халықаралық ұсынысқа сәйкес, күнге әйелдер 10 г, ал еркектер 30 г спирт ішсе ағзасына пайдалы екен. Осыған орай бозаның құрамындағы аз мөлшердегі спирт ағзаға пайдалы – «жақсы» холестериннің жасалуына ықпал етеді».

Бозаны әр түрлі дәндерді қосып, біріктіріп салуға да болады. Уыты неғұрлым көбірек салынса, боза күшті болады, уытын аз салса, күші аз болады. Қыстың суығында боза ішіп жүрсе суыққа көп тоңбайды. Бұл сусынды масайтатын ішімдік емес, ас-ауқат болатын тағам түрі деп түсінген абзал. Қол диірменмен ұнтақталған тарыны мата арқылы сүзіп, маңызын алады. Мұны аталау деп атайды. Оны ештеңе араластырмай үнемі бір қалыппен ішіп жүрсе ет алмайтын адамдарды семіртеді.

Дәрігерлердің айтуы бойынша боза (анемия) қан аздық ауруына бірден-бір таптырмас ем екен. Боза тамырдың созылуы (варикоз), тамақтың ісінуі (ангина), асқазан ауруы сияқты көптеген дертке шипа болады. Содан кейін, қазіргі уақыттағы әйелдердің босанғанға дейін және босанғаннан кейінгі қан аздығына өте шипалы дәрумен болатындығын дәрігерлер айтып отыр [14-16]. Бозаның құрамында пайдалы заттар көп.

Біздің зерттеуіміз бойынша бозаның дәрумендік көрсеткіштері (100 г мөлшерінде) 3-ші кестеде көрсетілген.

3-кесте – Боза сусынының дәрумендік көрсеткіштері

| № | Дәрумендер атауы | Мөлшері, (мг/100 г өнімде) |
|---|------------------|----------------------------|
| 1 | А | 0,01±0,0003 |
| 2 | β- каротин | 0 |
| 3 | Е | 0,067±0,0003 |
| 4 | В ₁ | 0,09±0,0004 |
| 5 | В ₂ | 0,07±0,0006 |
| 6 | РР | 0,73±0,006 |
| 7 | С | 0,5±0,005 |

Онда барлық негізгі витаминдер бар – А, В, С, Е, РР, РР, С дәрумендерінің көрсеткіші тағамда жақсы нәтиже танытты. Бидайды өндіргенде оның дәніндегі пайдалы заттар С, В дәрумені 3 есе, В2 дәрумені – 10, В1 дәрумені – 1,5 есе көбейетіндігін ғалымдар дәлелдеген. Бозада өндірілген дақылдардың уытында Е дәрумені өте көп болады. Ол күш-қуатты арттырып, адам ағзасындағы ауруға қарсы тұратын иммунитетті арттырады. Ерте қартаюды тежейтін күші бар.

Нәтижелерді талдау. Боза тағамының сапасын сипаттауға бірінші реттегі аминқышқылы қатарына лейцин, лизин, треонин молдығымен анықталды. Ал, алмаса алатын аминқышқылдарының арасынан глутаминнің мол көрінуі де тағам сапасына кепіл бола алады.

Ағза үшін құнды қоректік зат болатын қанықпаған майқышқылдары аз мөлшерден анықталды.

Ашу барысында пайда болатын лактоз қышқылы ас қорытуды жақсартып, жас аналардың сүтінің қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, боза-дайын спортты тағам. Құрамы және әсері бойынша ауыр физикалық жұмыспен айналысатын адамдардың күш-қуатын қалпына келтіруі үшін таптырмас тағам. Бірақ, бозаны сақтау уақыты шектеулі. Бөтелке аузы ашылған соң, ашу процесі жүре береді. Сондықтан, бозадан пайда алу үшін, ашылған уақытта тез ішу керек [17-19].

Бозаның қоректік қасиетінің күштілігі сонша ағзадағы зат алмасуды күшейтіп, қандағы шлактарды айдап шығады. Ал медицинада қандағы қалдықтарды тазалау өте қиын екені белгілі. Бүгінде екінші бірі қаны аздықпен ауырады. Осы аурудың алдын алуда боза таптырмас ем. Буын ауруларына, тұз жиналғанға, ас қорыту мүшелеріне тигізер пайдасы мол. Бозаның құрамында ферменттер көп болғандықтан, залалы мол бактерияларға қарсы әсері бар. Оның құрамындағы аз ғана спирттің өзі ағзаға көп пайдасын тигізеді. Бүйрегіне тас, тұз жиналған науқастардың оны аса абайлап ішкені жөн. Егер уытты бозаны көп ішсе, қатты ауырып қалуы да мүмкін. Бүйрегінде тасы бар адамдар бозаны әу баста 50-100 граммнан бастап ішіп үйренгені жөн. Содан кейін ғана мөлшерін ұлғайта берсе болады.

Бозаны кез келген жастағы адам іше берсе болады. Бірақ 3 жастан асқан балаларға 5 ас қасықтан артық ішкізуге болмайды. Әсіресе бүйрегі, асқазаны мен бауыры ауыратын адамдар бұл сусынды арнайы дайындатып емге пайдаланса, ауруынан айығатын күн алыс болмайды.

Екінші бір ерекшелігі, бозадан қалған қалдықпен бәйге аттарын бағады. Бозаның түбін жеген мал жұқпалы індетпен ауырмайды. Бозаның түбі деген-дақылды дайындаған кезде сүзілгеннен қалған ең түбіндегі маңызы. Оны жеген мал да қоңды болып, сырқаттан алшақ болады. Ақпарат беттерінен көрінген мәлімет бойынша, бозаны пайдалану денсаулыққа пайдалы екен. Бозаның қоректік қасиетінен басқа адам ағзасында қан айналымын жақсартып, қан тамырларының ішкі жағындағы қаспақтарды тазартып, зат алмасуын күшейтеді; Қаназдықты жойып, асқазан қышқылдығын қалпына келтіреді; Ас қорытуды жақсартады; Бозаның буын кеселдеріне, тұз жиналу мен суық тигенге таптырмайтын емдік қасиеті бұрыннан белгілі; Боза сарыпқа да дауа екен; Оның құрамында түрлі заттар мен ферменттер мол болғандықтан, зиянды бактерияларға да әсері бар; Бозаның жемсауға, қатерлі ісіктің алдын алуға шипасы мол [20].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижелерінен боза тағамының ақуызы, майы, көмірсуы, қуаттылығы, барлық негізгі дәрумендері – А, В, С, Е, РР бар екендігі айқындалды. Дәрумендерден РР, С дәрумендерінің көрсеткіші, қоректік құндылығы жағынан ақуыз, май тағамда жақсы нәтиже танытты. Боза тағамының сапасын сипаттауға бірінші реттегі аминқышқылы қатарына лейцин, лизин, треонин молдығымен анықталды. Ал, алмаса алатын аминқышқылдарының арасынан глутаминнің мол көрінуі де тағам сапасына кепіл бола алады. Ол адамның жалпы денсаулығын күшейтіп, кеселге қарсы қасиетін арттырып, ерте қартаюдың алдын алып, жұмыс істеу қабілетін көтереді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, бозаның ағзада биологиялық және физиологиялық қызметін қалыптастыруда бағалы қоректік заттармен қамтамасыз ететіндігін, дастархан мәзірінің нәрлілік деңгейін жоғарылатуға толық мүмкіндігі бар екені анықталды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Примкулова Г. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының тағамға байланысты дәстүрлі ырымдары, жосын-жоралғы және әдет-ғұрыптары // Қазақ өркениеті. – 2007. – № 1. – Б. 85-91.

[2] Мыңбаева А.Б., Қалдыбекова Г.Қ., Жетписбаева Э.Н., Баймұратова Г.Е. Дән негізіндегі ұлттық тағамдар // Жаһандық экономикалық дағдарыс жағдайындағы жас ғалымдар шығармашылығы тақырыбында М. Х. Дулати атындағы жас оқытушыларға арналған IV ғыл.-практ. конф. матер. – Тараз ун-ті, 2009. – Б. 310-311.

- [3] Керимбеков Б.К., Талханбаева З.А. Қазақ ұлттық тағамдарының химиялық құрамы және коректік құндылығы. – Түркістан, 2008. – Б. 5-12.
- [4] Cosma V., Armeanu V. Determinarea afotucul in prodisele alimentare prin method Kjeldahl // ind. Alim. – 1970. – Vol. 66, N 5. – P. 257-259.
- [5] Руководство по методам анализа качества и безопасности пищевых продуктов / Под ред. И. М. Скурихина, В. А. Тутельяна. – М.: Брандес, 1998. – 340 с.
- [6] Черников М.П. О химических методах определения качества пищевых белков. – М.: Институт питания АМН СССР, 1988. – С. 42-44.
- [7] Кузнецов Д.И., Гришина Н.П. Унифицированная система методов выделения и количественного определения липидов пищевых продуктов. – М., 1977. – 161 с.
- [8] Бурштейн А.И. Методы исследования пищевых продуктов. – Киев: Госмединститут, 1963. – 645 с.
- [9] Руководство по методам анализа качества и безопасности пищевых продуктов / Под ред. И. М. Скурихина, В. А. Тутельяна. – М.: Брандес, 1998. – 340 с.
- [10] Урбах В.Ю. Статистический анализ в биологических и медицинских исследованиях. – М.: Медицина, 1975. – 255 с.
- [11] Химический состав пищевых продуктов / Под ред. акад. А. А. Покровского. – М.: Пищевая промышленность, 1976. – 227 с.
- [12] Нұпбаев С. Боза бозым екен // Евразия. – 2007, қыркүйек - 21. – Б. 14-18.
- [13] Нұпбайұлы С. Мың бір кеселге дауа: Боза туралы бірер сөз; Бозаны қалай дайындайды // Жас алаш. – 2006, тамыз - 29. - № 70 (15110). – 4 б.
- [14] Айтбекова Ж. Ұлттық тағамдардың адам денсаулығын нығайтудағы маңызы // Мектеп дәрігері. – 2006. – № 3. – Б. 7-8.
- [15] Құлтаева С. Ұлттық тағам ұмыт қалып барады // Президент және Халық. – 2008, 12-қыркүйек. – 5 б.
- [16] Қайнарбаева М.С. Ұлттық тағамдардың емдік қасиеті // Денсаулық. – 2006. – № 4. – 19 б.
- [17] Тыныбек Е.Г. Химический состав продовольственных товаров // Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана. – 2004. – № 3. – 27 с.
- [18] Батырханова С. Ас адамның арқауы // Мектеп дәрігері. – 2006. – № 3. – Б. 2-4.
- [19] Рубина Е.А. Санитария и гигиена питания: учебное пособие для вузов. – М.: Академия, 2005. – 288 с.
- [20] Нұрмұханбетова Р. Қазақ халық медицинасының даму тарихы. – Алматы, 1996. – 129 б.

REFERENCES

- [1] Primkulova G. Traditional superstitions, unusual customs and ceremonies on food of South - Kazakhstan Kazakhs // Kazakh orkenieti. 2007. N 1. P. 85-91 (in Kaz.).
- [2] Мұнбаева А.В., Калдыбекова Г. К., Жетпісбаева Е. Н., Баймұратова Г.Е. Баймұратова Г.Е. National grain dishes // M. Kh. Dulati young teachers IV scientific- practical conference on global economical crisis . Taraz Iniversity, 2009. P. 310-311 (in Kaz.).
- [3] Kerimbekov B.K., Talkhanbaeva Z.A. The chemical composition and nutritous value of Kazakh traditional food. – Turkistan, 2008. P. 5-12 (in Kaz.).
- [4] Cosma V., Armeanu V. Determinarea afotucul in prodisele alimentare prin method Kjeldahl // ind. Alim. 1970. Vol. 66, N 5. P. 257-259 (in Eng.).
- [5] The guide to methods of the analysis of quality and safety of foodstuff / Under the editorship of I. M. Skurikhin, V. A. Tutelyan. M.: Brandes, 1998. 340 p. (in Russ.).
- [6] Chernikov M.P. About chemical methods of determination of quality of food proteins. M.: Institute of food of the USSR Academy of Medical Sciences, 1988. P. 42-44 (in Russ.).
- [7] Kuznetsov D.I., Grishin N.P. The unified system of methods of allocation and quantitative definition of lipids of foodstuff. M., 1977. 161 p. (in Russ.).
- [8] Burstein A.I. Methods of research of foodstuff. Kiev: State medical institute, 1963. 645 p. (in Russ.).
- [9] The guide to methods of the analysis of quality and safety of foodstuff / under the editorship of I. M. Skurikhin, V. A. Tutelyan. M.: Brandes, 1998. 340 p. (in Russ.).
- [10] Urbakh V.Yu. The statistical analysis in biological and medical researches. M.: Medicine, 1975. 255 p. (in Russ.).
- [11] A chemical composition of foodstuff / under the editorship of the academician A. A. Pokrovsky. M.: Food industry, 1976. 227 p. (in Russ.).
- [12] Nұпбаев С. Боза босым екен // Euroasia. 2007, September - 21. P. 14-16 (in Kaz.).
- [13] Nұпбайұлы С. Remedy for thousand diseases: Some words about bosa; how to prepair bosa // Zhas alash. 2006, August - 29. - N 70 (15110). 4 p. (in Kaz.).

- [14] Aytbekova Zh. Health improving value of national food // School doctor. 2006. N 3. P. 7-8 (in Kaz.).
- [15] Kultaeva S. National food is in drowsiness // President and People. 2008, 12-September. 5 p. (in Kaz.).
- [16] kaynarbaeva M.S. Health giving quality of national food // Densauyk. 2006. N 4. 19 p. (in Kaz.).
- [17] Tynybek E.G. The chemical composition of food // Food and processing industry of Kazakhstan. 2004. N 3. – 27 p. (in Russ.).
- [18] Bатырханова S. Meal – human's strength // School doctor. 2006. N 3. P. 2-4 (in Kaz.).
- [19] Rubina E. A. Sanitation and hygiene of food: manual for higher education institutions. M.: Academy, 2005. 288 p. (in Russ.).
- [20] Nurmukhanbetova R. History of Kazakh national medicine development. Almaty, 1996. 129 p. (in Kaz.).

ПИТАТЕЛЬНАЯ ЦЕННОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОГО НАПИТКА – БОЗА

З. А. Талханбаева, А. М. Сейтметова

Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясави, Туркестан, Казахстан

Ключевые слова: белок, жиры, углеводы, витамины, энергетичность, пищевая ценность, коэффициент, килокалория, статистика.

Аннотация. В статье по результатам исследований было выяснено присутствие в составе национального дополнительного блюда боза таких веществ, как белки, жиры, углеводы, все основные витамины: А, В, С, Е, РР. Высокими показателями по содержанию показали витамины РР, С а пищевой ценности – белки и жиры. При определении качества блюда было выяснено высокое содержание аминокислот первого порядка: лейцин, лизин, треонин. Из взаимозаменяющихся аминокислот гарантом качества блюда может выступить глутамин, которыми укрепляет здоровье, повышает стойкость организма к заболеваниям, предотвращает преждевременное старение, улучшает работоспособность. Кроме питательных свойств, боза улучшает циркуляцию крови в организме человека, очищает кровеносные сосуды от бляшек с внутренней стороны и усиливает обмен веществ.

Выяснено, что казахское национальное блюдо боза обеспечивает организм ценнейшими питательными веществами, влияющее на формирование биологических и физиологических функций организма. Результаты исследований дают возможность вполне включать блюдо в рацион для повышения уровня питательности меню. В местах общественного и семейного питания используются табличные данные, составленные по результатам исследований. Это все дает полное основание, считать, что традиционный казахский напиток может занять соответствующее место на нашем дастархане.

Поступила 05.05.2016 г.

**MODEL OF THE FORM OF THE ORGANIZATION
OF RESEARCH ASSIGNMENTS ON PHYSICS
ON COMPUTER MODELS****K. A. Kabylbekov, P. A. Saidahmetov, G. Sh. Omashova, Zh. Abekova, M. A. Nurullaev**

South-Kazakhstan State University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan.

E-mail: kenkab@mail.ru

Keywords: a photoelectric, a voltage, a wave length, an electron work function, a Dirac constant, dispersion, a Compton wave length, isotopes, a specific charge.

Abstract. In the article research assignments on the physics from electromagnetism and quantum physics sections are given: using computer model of a photoeffect to conduct examinations of dependence of a photoelectric from the enclosed voltage and to construct their pictorial dependence, dependences of quantity of a photoelectric on a wave length or energy of impinging quanta on a photoelectric cell, to spot a red photoelectric threshold, to spot a Dirac constant, a material of a photoelectric cell and an electron work function. Using computer model Compton effect to conduct examination of dependence of change of a wave length of an absent-minded quantum from a scattering angle, to construct the diagramme of dependence of change of a wave length of an absent-minded quantum from a quadrate of a sine of half of scattering angle, to spot a Dirac constant and a Compton wave length of an electron.

On computer model of masses of a spectrometer to conduct examination of dependence of radius of a path curvature of isotopes at their motion in a magnetic field at various velocities of isotopes and values of an induction of a magnetic field, to spot specific charges of isotopes and to identify isotopes. The offered assignments are approved in Nazarbayev to intellectual school of a physical and mathematical direction Shymkent, at regional school "Daryn-1" for exceptional children and at school-grammar school of M.Auezov by Arys at physics lessons at 10-11 classes. The majority of pupils with special interest the assignment have carried out.

ӘОЖ 532.133, 371.62, 372.8.002

**КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛДЕРДЕ ФИЗИКАДАН ЗЕРТТЕУЛІК
ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ
БЛАНК ҮЛГІСІ****К. А. Қабылбеков, П. А. Саидахметов, Г. Ш. Омашова, Ж. А. Абекова, М. А. Нуруллаев**

М. Әуезов атындағы Оңтүтік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

Түйін сөздер: фототок, кернеу, толқын ұзындығы, электронның шығу жұмысы, Планк тұрақтысы, шашырау, комптондық толқын ұзындығы, изотоптар, меншікті заряд.

Аннотация. Мақалада физиканың электромагнетизм және кванттық физика бөлімдерінен зерттеулік тапсырмалар келтірілген: фотоэффект компьютерлік моделін қолданып фототоктың кернеуге тәуелдігін зерттеп олардың графигін тұрғызындар, фототок шамасының фотоэлементке түскен фотондардың толқын ұзындығына немесе энергиясына тәуелдігін зерттеңдер, фотоэффектінің қызыл шекарасын, Планк тұрақтысын анықтаңдар, фотоэлемент материалын және электронның шығу жұмысын анықтаңдар. Комптон эффект компьютерлік моделін қолданып шашыраған фотондардың толқын ұзындығының өзгеруінің шашырау бұрышына тәуелдігін зерттеңдер, шашыраған фотондардың толқын ұзындығының шашырау бұрышының жартысының синусының квадратына тәуелділік графигін тұрғызындар, Планк тұрақтысын және электронның

комптондық толқын ұзындығын анықтаңдар. Масс спектрометр компьютерлік моделі арқылы магнит өрісінде әр түрлі жылдамдықпен қозғалған изотоптардың қисықтық радиусының магниттік индукция шамасына тәуелдігін зерттеңдер, изотоптардың меншікті зарядын анықтап қандай изотоп екенін анықтаңдар. Ұсынылған тапсырмалар Шымкент қ. физика математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде, дарынды балаларға арналған облыстық «Дарын-1» мектебінде және Арыс қ. М.Әуезов атындағы мектеп-гимназиясының 10-11 сыныптарында физика сабақтарында қолданылды. Оқушылардың басым көпшілігі тапсырмаларды аса қызығушылықпен орындады.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050 – стратегиясы» – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: Қазақстан 2050 жылы 30 дамыған мемлекеттер қатарына енуі керек деп атап көрсетті. Дамып келе жатқан елдер арасында мұндай қатарда болуы үшін бәсекелестік қатаң болады. Ұлт жаһандық экономикалық бәсекелестікке дайын болғанда ғана мұндай қатарда бола алады. Біз, аса маңызды мақсаттарымызды естен шығармай, мақсатты және шабытты еңбек етуіміз керек: қазіргі заманға сай нәтижелі білім мен денсаулық сақтау жүйесін құру. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады. Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз [1].

Президент жолдауында келтірілген тапсырмаларды орындау үшін М.Әуезов атындағы мемлекеттік университетінің «Физиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасы 2012–2013 оқу жылынан бастап оқу үрдісіне "Білімдегі ақпараттық технологиялар", "Физиканы оқытудағы ақпараттық технологиялар" және "Электронды оқулықтарды оқу үрдісінде қолдану" курстарын енгізді. Курстың мақсаты: студент-болашақ физика мұғалімдерін оқу үрдісінде, өздерінің кәсіпшілік қызметінде және біліктілігін жоғарылатуында, оқу үрдісі мен сыныптан тыс жұмыстарды және компьютерлік зертханалық жұмыстарды ұйымдастыруда болашағы зор білім беру технологияларын шығармашылық және тиімді пайдалануға дағдыландыру.

Компьютерлік зертханалық жұмыстарды ұйымдастыруға арналған бланкі үлгілері туралы біз бұрын жазғанбыз [2-13].

Компьютерлік зертханалық жұмыстарды орындауды ұйымдастыруда теориядан қысқаша мәліметтер, компьютерлік зертханалық жұмысты орындауға дайындығын тексеруге арналған бақылау сұрақтары, жауаптарын компьютерлік тәжірибе арқылы тексеруге арналған есептер, тәжірибелік және зерттеулік тапсырмалар, бірмәнді емес және берілгендері жетіспейтін есептер, ізденістік және шығармашылық тапсырмалар беріледі. Оқушылардың ойлау және зерттеулік қабілеттерін қалыптастыру мен арттыруда зерттеу тапсырмаларының маңызы өте зор.

Ұсынылып отырған мақалада студенттерге, магистранттарға, мектеп мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде – оқушылардың [14] ресурсын пайдаланып, оқушылардың оқу материалдарын игеруін және қабілетін ескере отырып, біз келесі зерттеулік тапсырмаларды орындауға арналған бланкі үлгілерін ұсынамыз:

Сынып..... Оқушының фамилиясы..... Есімі.....

1. Жұмыс тақырыбы: Фотоэффект құбылысын зерттеу.

Жұмыстың мақсаты: Компьютерлік тәжірибе арқылы фототоктың кернеуге тәуелдігін, фототоктың фотоэлементке түскен жарықтың толқын ұзындығына тәуелдігін зерттеу, фотоэффектінің қызыл шегін анықтау, электронның шығу жұмысын анықтау, Планк тұрақтысын анықтау, фотоэлемент материалын анықтау.

1.1. Фотоэлементке толқын ұзындығы 400 нм және 500 нм монохромат жарық түскендегі фототоктың кернеуге тәуелдігін (жарық қуаттылығы 0,5 және 1,0 мВт) зерттеңдер. $I(U)$ графигін (4 қисық) тұрғызыңдар. Тәжірибе қорытындысын тұжырымдаңдар.

Жауабы.

1.2. Фотоэлементке толқын ұзындығы 450 нм және 622 нм жарық түскендегі фототоктың кернеуге тәуелдігін (жарық қуаттылығы 0,5 және 1,0 мВт) зерттеңдер. $I(U)$ графигін (4 қисық) тұрғызыңдар. Тәжірибе қорытындысын тұжырымдаңдар. *Жауабы.*

1.3. 1.1 мен 1.2 тапсырмаларының нәтижелерін қорытылаңдар. *Жауабы.*

1.4. Фотоэлементке белгілі бір толқын ұзындықты монохромат жарықтың қуаттылығын өзгерте отырып фототоктың кернеуге тәуелдігін зерттендер. $I(U)$ графигін әр түрлі жарық қуаттылығына қарай тұрғызыңдар. Тәжірибе қорытындысын тұжырымдаңдар.

Жауабы.

1.5. Фотоэлементке толқын ұзындығы 380 нм монохромат жарық түскендегі фототоктың кернеуге тәуелдігін жарық қуаттылығын 0,1 ден 1,0 мВт аралығында өзгертіп зерттендер. $I(U)$ графигін жарық қуаттылығына қарай тұрғызыңдар. Жарық қуаттылығының қаныққан ток мәніне әсерін зерттендер. Тәжірибе қорытындысын тұжырымдаңдар. *Жауабы.*

1.6. Фотоэлементке толқын ұзындығы 622 нм монохромат жарық түскендегі фототоктың кернеуге тәуелдігін жарық қуаттылығын 0,1 ден 1,0 мВт аралығында өзгертіп зерттендер. $I(U)$ графигін жарық қуаттылығына қарай тұрғызыңдар. Жарық қуаттылығының қаныққан ток мәніне әсерін зерттендер. Тәжірибе қорытындысын тұжырымдаңдар. *Жауабы.*

1.7. Фотоэлементке түсетін жарық қуаттылығы 1,0 Мвт жағдайында толқын ұзындығын 380-623 нм аралығында өзгертіп фототоктың кернеуге тәуелдігін зерттендер. $I(U)$ графигін тұрғызыңдар. Қанығу ток мәндері мен тежеу кернеулерін анықтаңдар. Жарық қуаттылығы мен қаныққан ток мәндерінің арасындағы байланысты орнатыңдар. Тәжірибе қорытындысын тұжырымдаңдар. *Жауабы.*

1.8. Компьютерлік моделді қолданып Планк тұрақтысын анықтаңдар. *Жауабы.*

1.9. Компьютерлік моделді қолданып фотоэлементтен электронның шығу жұмысын анықтаңдар. *Жауабы.*

1.10. Компьютерлік моделді қолданып фотоэлементтің қандай материалдан жасалғанын анықтаңдар. *Жауабы.*

2. Жұмыс тақырыбы: Комптон-эффект құбылысын зерттеу.

Жұмыстың мақсаты: Жеңіл атомда шашыраған рентген сәулесінің толқын ұзындығының өзгеруінің шашырау бұрышына тәуелдігін зерттеу, Планк тұрақтысын анықтау.

2.1. Еркін электронға қарай түскен фотонның толқын ұзындығы 0,0350 нм. Оның шашырау бұрышын, 30° -тан 160° -қа дейін әр 10° -қа ұлғайтып шашыраған фотонның толқын ұзындықтарын анықтаңдар және толқын ұзындығының өзгерісінің шашырау бұрышының жартысының синусының квадратына тәуелдік графигін салыңдар $\Delta\gamma\left(\sin^2\left(\frac{\theta}{2}\right)\right)$. Тәжірибе қорытындысын жасаңдар. *Жауабы.*

2.2. Толқын ұзындықтары 0,0350 нм мен 0,1000 нм аралығында жататын фотондардың еркін электроннан 90° -қа шашырағандарының толқын ұзындықтарының өзгеруін анықтаңдар. толқын ұзындығының өзгерісінің шашырау бұрышының жартысының синусының квадратына тәуелдік графигін салыңдар $\Delta\gamma\left(\sin^2\left(\frac{\theta}{2}\right)\right)$. Тәжірибе қорытындысын жасаңдар. *Жауабы.*

2.3. Толқын ұзындықтары 0,0350 нм мен 0,1000 нм аралығында жататын фотондардың еркін электроннан 90° -қа шашырағандарының толқын ұзындықтарының өзгеруін анықтаңдар. Толқын ұзындығының өзгеруін электронның комптондық толқын ұзындығымен салыстырыңдар. *Жауабы.*

2.4. Энергиясы 250 кэВ фотон еркін электронда 120° бұрыш жасап шашыраған фотонның энергиясы қандай болады? *Жауабы.*

2.5. 4.1 мен 4.2 тапсырмаларының нәтижелерін қорытындылаңдар. *Жауабы.*

2.6. Еркін электронға қарай түскен фотонның толқын ұзындығы 0,0300 нм. Оның шашырау бұрышын, 30° -тан 160° -қа дейін әр 10° -қа ұлғайтып шашыраған фотонның толқын ұзындықтарын анықтаңдар. Толқын ұзындығының өзгеруі мен шашырау бұрышының жартысының синусының квадраты арасындағы тәуелдік графигін салыңдар. Тәжірибе қорытындысын жазыңдар. *Жауабы.*

2.7. Толқын ұзындықтары 0,0300 нм мен 0,1000 нм аралығында жататын фотондардың еркін электроннан 90° -қа шашырағандарының толқын ұзындықтарының өзгеруін анықтаңдар. Толқын

ұзындығының өзгеруі мен шашырау бұрышының жартысының синусының квадраты арасындағы тәуелді туралы қорытынды жасаңдар. Жауабы.

2.8. Толқын ұзындықтары 0,0300 нм мен 0,1000 нм аралығында жататын фотондардың еркін электроннан 90° - қа шашырағандарының толқын ұзындықтарының өзгеруін анықтаңдар. Толқын ұзындығының өзгеруін комптондық ұзындықпен салыстырыңдар.

Жауабы.

2.9. 4.1 мен 4.2 тапсырмаларының нәтижелерін қорытындылаңдар. Жауабы.

2.10. Комптон эффектісінің компьютерлік моделін қолданып Планк тұрақтысын анықтаңдар. Жауабы.

2.11. Комптон эффектісінің компьютерлік моделін қолданып электронның тыныштық массасын анықтаңдар. Жауабы.

2.12. Комптон эффектісінің компьютерлік моделін қолданып электронның комптондық толқын ұзындығын анықтаңдар. Алынған нәтижені (h/mc) мәнімен салыстырыңдар.

Жауабы.

3. Жұмыс тақырыбы: Изотоптарды масс-спектрометрде сараптау

Жұмыстың мақсаты:

3.1. C^{12} және C^{14} изотоптарынан тұратын көміртек ядролар шоғы $V = 10\ 000$ м/с жылдамдықпен магнит өрісіне перпендикуляр түседі. Олардың қозғалыс траекториясының радиустарының магнит индукциясының шамасына тәуелдігін зерттендер. Қорытынды жасаңдар. Жауабы:

2.2. C^{12} және C^{14} изотоптарынан тұратын көміртек ядролар шоғы $V = 10\ 000$ м/с жылдамдықпен магнит өрісіне перпендикуляр түседі. Олардың қозғалыс траекториясының радиустарының айырмасының магнит индукциясының шамасына тәуелдігін зерттендер. Қорытынды жасаңдар. Жауабы:

2.3. Ne^{20} және Ne^{22} изотоптарынан тұратын неон ядролар шоғы $V = 2000$ м/с жылдамдықпен магнит өрісіне перпендикуляр түседі. Олардың қозғалыс траекториясының радиустарының магнит индукциясының шамасына тәуелдігін зерттендер. Қорытынды жасаңдар. Жауабы:

2.4. Ne^{20} және Ne^{22} изотоптарынан тұратын неон ядролар шоғы $V = 2000$ м/с жылдамдықпен магнит өрісіне перпендикуляр түседі. Олардың қозғалыс траекториясының радиустарының айырмасының магнит индукциясының шамасына тәуелдігін зерттендер. Қорытынды жасаңдар. Жауабы:

2.5. U^{235} және U^{238} изотоптарынан тұратын уран ядролар шоғы индукциясы $B = 10$ мТл магнит өрісіне перпендикуляр түседі. Олардың қозғалыс траекториясының радиустарының айырмасының жылдамдық шамасына тәуелдігін зерттендер. Қорытынды жасаңдар. Жауабы:

2.6. U^{235} және U^{238} изотоптарынан тұратын уран ядролар шоғы индукциясы $B = 10$ мТл магнит өрісіне перпендикуляр түседі. Олардың қозғалыс траекториясының радиустарының айырмасының жылдамдық шамасына тәуелдігін зерттендер. Қорытынды жасаңдар. Жауабы:

2.7. Индукциясы $B = 10$ мТл магнит өрісіне екі изотоптан тұратын белгісіз ядролар шоғы $V = 10^5$ м/с жылдамдықпен түседі. Олардың траекториясының қисықтық радиустары $R_1 = 20,7$ см және $R_2 = 22,8$ см. Изотоптардың меншікті зарядтарын анықтаңдар. Олар қандай изотоптар? Жауабы.

2.8- тапсырма. Индукциясы $B = 10$ мТл магнит өрісіне екі изотоптан тұратын белгісіз ядролар шоғы $V = 10^5$ м/с жылдамдықпен түседі. Олардың траекториясының қисықтық радиустары $R_1 = 12,4$ см және $R_2 = 14,5$ см. Изотоптардың меншікті зарядтарын анықтаңдар. Олар қандай изотоптар? Жауабы.

2.9- тапсырма. Индукциясы $B = 7,6$ мТл магнит өрісіне екі изотоптан тұратын белгісіз ядролар шоғы $V = 9400$ м/с жылдамдықпен түседі. Олардың траекториясының қисықтық радиустары $R_1 = 15,4$ см және $R_2 = 18,0$ см. Изотоптардың меншікті зарядтарын анықтаңдар. Олар қандай изотоптар? Жауабы.

| Орындалған тапсырмалар саны | Қателер аны | Сіздің бағалауыңыз |
|-----------------------------|-------------|--------------------|
| | | |

Ескерту: Бланкіде тапсырмалар артығымен берілген. Бір оқушы олардың барлығын орындауы шарт емес. Мұғалім ұсынылған тапсырмалар ішінен іріктеп оқушының шамасына қарай бергені дұрыс, немесе басқа да тапсырмалар ұсынуына болады.

Келтірілген тапсырмалар Шымкент қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде, дарынды балаларға арналған облыстық «Дарын» мектебінде және Арыс қ. М. Әуезов атындағы мектеп-гимназияда 10-11 сыныптарында физика сабақтарында қолданылды. Оқушылардың басым көпшілігі тапсырмаларды аса қызығушылықпен орындады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Назарбаев Н.А. «Стратегия «Казakhstan-2050» – новый политический курс состоявшегося государства». Послание народу Казахстана. Астана. www.bnews.kz. 14 декабря 2012 г.

[2] Кабылбеков К.А., Байжанова А. Использование мультимедийных возможностей компьютерных систем для расширения демонстрационных ресурсов некоторых физических явлений. Труды Всероссийской научно-практ. конф. с междунар. участием. – Томск, 2011. – С. 210-215.

[3] Кабылбеков К.А., Саидахметов П.А., Арысбаева А.С. Оқушылардың өз бетінше атқаратын компьютерлік зертханалық жұмыс бланкісінің үлгісі // Известия НАН РК. Серия физ.-мат. – 2013. – № 6. – С. 82-89.

[4] Кабылбеков К.А., Саидахметов П.А., Байдуллаева Л.Е. Абдураимов. Фотоэффект, комптон эффекті заңдылықтарын оқытуда компьютерлік үлгілерді қолданудың әдістемесі, компьютерлік зертханалық жұмыс атқаруға арналған бланкі үлгілері // Известия НАН РК. Серия физ.-мат. – 2013. – № 6. – С. 114-121.

[5] Кабылбеков К.А., Саидахметов П.А., Турганова, Т.К., Нуруллаев М.А., Байдуллаева Л.Е. Жинағыш және шашыратқыш линзаларды үлгілеу тақырыбына сабақ өткізу үлгісі // Известия НАН РК. Серия физ.-мат. – 2014. – № 2. – С. 286-294.

[6] Кабылбеков К.А., Аширбаев Х. А., Саидахметов П. А, Рүстемова Қ. Ж., Байдуллаева Л. Е. Жарықтың дифракциясын зерттеуді ұйымдастыруға арналған компьютерлік зертханалық жұмыстың бланкі үлгісі // Изв. НАН РК. Серия физ.-мат. – 2015. – № 1(299). – С. 71-77.

[7] Кабылбеков К.А., Аширбаев Х. А., Такибаева Г. А., Сапарбаева, Э. М., Байдуллаева Л. Е. Адиеева Ш.И. Зарядталған бөлшектердің магнит өрісінде қозғалысын және масс-спектрометр жұмысын зерттеуді ұйымдастыруға арналған компьютерлік зертханалық жұмыстың бланкі үлгісі // Изв. НАН РК. Серия физ.-мат. – 2015. – № 1(299). – С. 80-87.

[8] Кабылбеков К.А., Аширбаев Х. А, Саидахметов, П. А., Байгулова З.А., Байдуллаева Л.Е. Ньютон сақиналарын зерттеуді ұйымдастыруға арналған компьютерлік зертханалық жұмыстың бланкі үлгісі // Изв. НАН РК. Серия физ.-мат. – 2015. – № 1(299). – С. 14-20.

[9] Кабылбеков К.А., Аширбаев Х.А., Сабалахова А.П., Джумагалиева А.И. Жарықтың интерференция құбылысын зерттеуді ұйымдастыруға арналған компьютерлік зертханалық жұмыстың бланкі үлгісі // Изв. НАН РК. Серия физ.-мат. – 2015. – № 3(301). – С. 131-136.

[10] Кабылбеков К.А., Аширбаев Х.А., Сабалахова А.П., Джумагалиева А.И. Допплер эффектісін зерттеуге арналған компьютерлік жұмысты ұйымдастырудың бланкі үлгісі // Изв. НАН РК. Серия физ.-мат. – 2015. – № 3(301). – С. 155-160.

[11] Кабылбеков К.А. Физикадан компьютерлік зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру. Оқу құралы. – Шымкент, 2015. – 77 б.

[12] Кабылбеков К.А., Саидахметов П.А., Омашова Г.Ш., Аширбаев Х.А., Бердалиев М.Ж. Мәжбүр электромагниттік тербелістерді зерттеуге арналған компьютерлік зертханалық жұмысты орындауды ұйымдастырудың бланкі үлгісі // Изв. НАН РК. Серия физ.-мат. – 2016. – № 1(305). – С. 111-116.

[13] Кабылбеков К.А., Омашова Г.Ш., Саидахметов П.А., Бердалиева М.Ж., Джумагалиева А.И. Параллель орналасқан екі ұзын токтары бар өткізгіштердің өзара әсерлесуін зерттеуге арналған компьютерлік зертханалық жұмысты орындауды ұйымдастырудың бланкі үлгісі // Изв. НАН РК. Сер. физ.-мат. – 2016. – № 1(305). – С. 135-140.

[14] CD диск компании ОАО «Физикон». «Открытая физика 1.1». – 2001.

REFERENCES

[1] Nazarbayev N.A. "Strategy" Kazakhstan-2050» – a new political policy of the taken place state». The message to the people of Kazakhstan. Astana. www.bnews.kz. On December, 14th 2012г.

[2] Kabylybekov K.A., Bajzhanova A. Application of multimedia possibilities of computer systems for expansion of demonstration resources of some physical phenomena. Works All-Russia scientifically-practical conference with the international participation. Tomsk, 2011. P. 210-215.

[3] Kabylybekov K.A., Saidahmetov P.A., Arysbaeva A.S. Model of the form of the organisation of self-maintained performance of computer laboratory operation. News NAN RK, series physical-mat. 2013, № 6, p. 82-89.

[4] Kabyzbekov K.A., Saidahmetov P.A., Bajdullaeva L.E. Abduraimov. A procedure of use of computer models for photoeffect studying, Compton effect, models of forms of the organisation of performance of computer laboratory operations. News NAN RK, series physical-mat., 2013, № 6, p. 114-121.

[5] Kabyzbekov K.A., Saidahmetov P.A., Turganova T.K., Nurullaev M.A., Bajdullaeva L.E. Model of carrying out of a lesson of modelling of agglomerating and diffusing lenses. News NAN RK, series physical-mat., 2014, № 2, p. 286-294.

[6] Kabyzbekov K.A., Ashirbaev H.A., Saidahmetov P.A., Rustemova T. Zh., Bajdullaeva L.E. Model of the form of the organisation of performance of computer laboratory operation on examination of a diffraction of light. News of NAN RK, series physical-mat., 2015, № 1(299), p. 71-77.

[7] Kabyzbekov K.A., Ashirbaev H.A., Takibaeva G.A., Saparbaeva E.M., Bajdullaeva L.E., Adineeva Sh.I. Model of the form of the organisation of computer laboratory operation on examination of a motion of charged particles in a magnetic field. News of NAN RK, series physical-mat., 2015, № 1(299), p. 80-87.

[8] Kabyzbekov K.A., Ashirbaev H.A., Saidahmetov P.A., Bajgulova Z.A., Bajdullaeva L.E. Model of the form of the organisations of computer laboratory operation on examination of Newton's fringes. News NAN RK, series physical-mat., 2015, № 1(299), p. 14-20.

[9] Kabyzbekov K.A., Ashirbaev H.A., Sabalahova A.P., Dzhumagalieva A.I. Model of the form of the organisation of computer laboratory operation on examination of the phenomenon of an interference of light. News of NAN RK, series physical-mat. 2015, № 3(301), p. 131-136.

[10] Kabyzbekov K.A., Ashirbaev H.A., Sabalahova A.P., Dzhumagalieva A.I. Model of the form of the organization computer laboratory operations on examination Doppler-effect. News NAN RK, series physical-mat., 2015, № 3(301), p. 155-160.

[11] Kabyzbekov K.A. Organisation of computer laboratory work on the physicist. Shymkent, 2015, 284 p.

[12] Kabyzbekov K.A., Saidahmetov P.A., Omashova G.Sh., Ashirbaev H.A., Berdalieva M.J. Model of the form of the organization of computer laboratory work on research of the compelled electromagnetic fluctuations. News NAN RK, 2016, № 1(305), p. 111-116.

[13] Kabyzbekov K.A., Saidahmetov P.A., Omashova G.Sh., Berdalieva M.J., Dzhumagalieva A.I. Model of the form of the organisation of performance of computer laboratory operation on examination of interaction of two long parallel conductors with currents. News NAN RK, series physical-mat., 2016, № 1(305), p. 135-140.

[14] CD a disk of the company of Open Society "Physical icons". «The open physics 1.1". 2001.

МОДЕЛЬ БЛАНКА ОРГАНИЗАЦИИ ВЫПОЛНЕНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ ЗАДАНИЙ ПО ФИЗИКЕ НА КОМПЬЮТЕРНЫХ МОДЕЛЯХ

К. А. Кабылбеков, П. А. Саидахметов, Г. Ш. Омашова, Ж. А. Абекова, М. А. Нуруллаев

Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан

Ключевые слова: фототок, напряжение, длина волны, работа выхода электрона, постоянная Планка, рассеяние, комптоновская длина волны, изотопы, удельный заряд.

Аннотация. В статье приведены исследовательские задания по физике из разделов электромагнетизма и квантовой физики: используя компьютерную модель фотоэффекта провести исследования зависимости фототока от приложенного напряжения и построить их графическую зависимость, зависимости величины фототока от длины волны или энергии падающих фотонов на фотоэлемент, определить красную границу фотоэффекта, определить постоянную Планка, материал фотоэлемента и работу выхода электрона. Используя компьютерную модель Комптона эффекта провести исследование зависимости изменения длины волны рассеянного фотона от угла рассеяния, построить график зависимости изменения длины волны рассеянного фотона от квадрата синуса половины угла рассеяния, определить постоянную Планка и комптоновскую длину волны электрона.

По компьютерной модели масс спектрометра провести исследование зависимости радиуса кривизны траектории изотопов при их движении в магнитном поле при различных скоростях изотопов и значениях индукции магнитного поля, определить удельные заряды изотопов и идентифицировать изотопы.

Предложенные задания апробированы в Назарбаев интеллектуальной школе физико-математического направления г. Шымкент, в областной школе «Дарын» для одаренных детей и в школе-гимназии им. М. Ауэзова г. Арысь на уроках физики в 10-11 классах. Большинство учащихся с особой заинтересованностью выполнили задания.

Поступила 05.05.2016 г.

MODEL OF THE FORM OF THE ORGANIZATION OF PERFORMANCE OF COMPUTER LABORATORY OPERATION ON EXAMINATION OF ELECTROMAGNETIC OSCILLATIONS

K. A. Kabylbekov, P. A. Saidahmetov, G. Sh. Omashova, N. A. Nurullaev, D. A. Isaeva

South-Kazakhstan State University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan.

E-mail: kenkab@mail.ru

Keywords: the condenser, inductance, the resistor, a contour, oscillations, a current, a charge, a continuance.

Abstract. The model of the form of the organisation of computer laboratory operation on examination of the free electromagnetic oscillations on computer model RLC of an oscillating circuit is offered. The form model includes short data from the theory, control questions for checkout of readiness of performance of operation by the pupil, problems with the subsequent computer checkout of answers, the observational, research and creative assignments.

In short data from the theory requirements of occurrence of electromagnetic oscillations which occur in an electric circuit are given after it has been output from an equilibrium state and then presented to itself. Fact-finding assignments with computer model are provided by ability to change intervals of values of inductance, an electric capacitance, resistance and reading of the plan of an electric circuit. Problems with the subsequent computer checkout of experience are provided by the prestress solution of problems on a paper and embodying of the given requirements on computer model with the subsequent comparison of answers. The course of the solution of problems is represented together with the form. The observational and research assignments provides embodying of the given requirements on model, to spot continuances of the free oscillations, at the given resistances to spot quantity of the flowed charges, to erect dependence of quantity of the past charges for the given certain continuance, build-up of the diagramme of dependence of quantity of a charge from resistance of the resistor, to draw deductions. Assignments are given much. Performance to one pupil is unessential all of them. The teacher can pick up to the pupil taking into account its ability or offer other similar assignments. It is necessary to pay special attention pupils on importance of performance of research and creative assignments. Upon termination of a lesson the pupil fills the form and sends by e-mail to the teacher or hands over immediately to it. At a following lesson the teacher discusses answers of pupils and estimates operations.

The offered assignments are approved in Nazarbayev to intellectual school of a physical and mathematical direction Shymkent, at regional school "Daryn-1" for exceptional children and at school-grammar school of M.Auezov by Arys at physics lessons at 10-11 classes. The majority of pupils with special interest the assignment have carried out.

ӘОЖ 532.133, 371.62, 372.8.002

ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ТЕРБЕЛІСТЕРДІ ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН КОМПЬЮТЕРЛІК ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ БЛАНК ҮЛГІСІ

К. А. Қабылбеков, П. А. Саидахметов, Г. Ш. Омашова, Н. А. Нуруллаев, Д. А. Исаева

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университет, Шымкент, Қазақстан

Түйін сөздер: конденсатор, индуктивтілік, резистор, контур, тербеліс, ток, заряд, кезең.

Аннотация. Мақалада RLC электр тізбегінде жүретін еркін электромагниттік тербелістерді зерттеуге арналған компьютерлік зертханалық жұмысты ұйымдастырудың бланк үлгісі ұсынылған. Үлгіде теориядан қысқаша мәліметтер, оқушылардың жұмысты орындауға дайындығын тексеруге арналған бақылау сұрақтар,

жауаптарын компьютерлік тәжірибе арқылы тексеруге арналған есептер, тәжірибелік, зерттеулік және шығармашылық тапсырмалар қамтылған. Теориядан қысқаша мәліметтерде электр тізбегінде еркін электромагниттік тербелістердің пайда болу шарттары қарастырылған. Компьютерлік моделмен танысу тапсырмалары электр тізбегіндегі индуктивтілікті, электр сыйымдылықты, резистор кедергісін өзгерту және электр схемасын оқу тапсырмаларын қамтиды. Жауаптарын компьютерлік тәжірибе арқылы тексеру тапсырмаларында есеп шарттарын алдымен қағазға шығарып, соңынан есеп шарттарын компьютерлік модельде іске асыру және жауабын салыстыру қарастырылған. Қағазға шығарылған есептер бланкімен бірге тапсырылуы тиіс. Тәжірибелік және зерттеулік тапсырмаларда тапсырма шарттарын модельде іске асыру, тізбек элементтерінің параметрлеріне байланысты еркін тербеліс кезеңін анықтау, кедергігі байланысты берілген уақыт кезеңіне байланысты тізбекте өткен заряд шамасын анықтау, заряд мөлшерінің тізбек кедергісіне тәуелділік графигін салу және нәтижелер бойынша қорытынды жасау қарастырылған. Тапсырмалар саны артығымен берілген. Бір оқушы олардың барлығын орындауы шарт емес. Оқытушы оқушының қабілетін ескере отырып таңдап бере алады немесе ұқсас тапсырмалар ұсынуына болады. Оқушылардың зерттеулік және шығармашылық тапсырмаларды орындауына аса көңіл аударған жөн. Сабақ соңында оқушылар өздерінің бланкілерін толтырып электронды пошта арқылы немесе оқытушының өзіне тапсыруы керек. Келесі сабақта оқытушы жауаптарды талқылап жұмыстарды бағалайды.

Ұсынылған тапсырмалар Шымкент қ. физика математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде, дарынды балаларға арналған облыстық «Дарын-1» мектебінде және Арыс қ. М. Әуезов атындағы мектеп-гимназиясының 10-11 сыныптарында физика сабақтарында қолданылды. Оқушылардың басым көпшілігі тапсырмаларды аса қызығушылықпен орындады.

Қазақстандағы немістердің орналасу және таралу аймағы. XIX ғ. Ресейден Орталық Азия мен Қазақстан жеріне немістердің қоныс аударуының нәтижесінде қазіргі Қазақстан аумағында немістер орналасқан жаңа елді-мекендер пайда болды. Қазақ жерінде 1897 жылғы санақ қалыптасып жатқан полиэтносты халық құрамында неміс халқының да болғанын көрсетті [5]. 1897 жылы жүргізілген Бірінші бүкілресейлік халық санағының мәліметтері бойынша Қазақстанда 7049 неміс тіркелді. Оның ішінде: Ақмола облысында – 4791, Семей облысында – 100, Торғай облысында – 70, Орал облысында – 161, Жетісу облысында – 40, Сырдария облысында – 1887 неміс этносының өкілдері есептелінді. Бұл халықтың 0,16 пайызын құрады. Немістердің негізгі бөлігі Қазақстанның жазық бөлігінде қоныстанды. Оңтүстік Қазақстанда немістердің үлесі аз болды. Негізгі бөлігі Ақмола облысын мекендеді. Мұнда Қазақстандағы немістердің 60 пайызы тұрды. Олар облыс халқының 0,18 пайызын құрады [6].

Немістердің негізгі жер аударылған аймақтарына Ақмола облысы, Омбы, Көкшетау уездері және Қостанай уезі, Торғай облысы жатты. Халқының негізгі көпшілігі немістер болып табылатын Қостанай уезінде 1901 жылы Озерный ауылы, 1902 жылы Надеждинский, Воскресенская, ал 1904 жылы Нелюбинский, Семеновский және Виаентьевский ауылдары құрылды. Олардың негізгі тұрғындары Бессарабия губерниясынан, Нелюбинское ауылын Херсонский губерниясынан келген немістер құрды. 1905 жылдың басында 63 үй немістер есептелінді (377 адам). Олар өздерімен бірге 37 мың рубль, 179 жылқы, 17 сиыр, 10 жанұя – әрқайсысы 800 рубль алып келген. Алғашқы жылдың өзінде 47 тұрғын үй және 76 шаруашылық құрылыстарын жүргізді. Жалпы, Ақмола облысына қоныс аударған немістер, санақ ісі бойынша 1910 жылы 46 ауыл құрылып, адам саны 19822-ге жетті. Барлығы 3430 отбасы есептелінді, олардың 232190 шақырым жерлері болды. Жеке уездер бойынша талдасад: Омбы уезінде – 16 ауыл (6296 адам), Көкшетау уезінде 13 ауыл (4437 адам), Ақмола уезінде -16 ауыл (8957), Атбасар уезінде 1 ауыл (132 адам) [4, 25 б.] қоныстанды.

XX ғ. басында Семей облысында да немістер көптеп өмір сүрді [7]. Семей облысына немістердің жер аудару науқаны 1907 жылы басталды. Бұл көш 1906 жылы 10 наурызда шыққан жер аудару қозғалысын ұлғайту туралы заңмен байланысты болатын. Неміс шаруалары үлкен төрт жер учаскелерінде қоныстанды, 12 ауылға бөлінді: Тасқұдық учаскесінде Гнаденталь (Борисовка), Штейнфельд (Федотовка) және Гальбшадт, Талдықұдық учаскесінде – Константиновка, Ровнополье, Тұрсынбай учаскесінде – Заборовка, Софиевка, Доминское және Раевское деген ауылдар болды [8]. Бұл аймақтар да Новороссиядағы секілді ауылдық жерлер болуына байланысты, мұндағы отбасылар мен тұрғындар саны 30–40 отбасыдан 200–300 тұрғыннан артық болмады.

Павлодар уезіндегі немістер лютеран дініне бағытталған діни нанымда болып, олар мұнда Розовка, Акимовка, Ульяновка, Луганское, Анастасьевка, Новоивановка, Никитовское деген ауылдардың негізін қалады. Сонымен барлығы 17 неміс ауылы құрылды. Негізі бөлігі дерлік менониттерден жинақталған бөлігі Павлодар уезінің Оңтүстік оң жағалауына орналасты. Олардың жалпы саны Павлодар уезінде 13 ауылдай болды [9].

Осылайша 1907–1910 жылы көптеген неміс этносының өкілдері Павлодар уезіне де қоныстандырылып, 1908 жылы Павлодар уезіне жер аударғандардың 3\1 бөлігін құрады. Ал келесі 4 жыл бойынша олар елге қоныс аударғандардың 10\1 бөлігін құрады. 1909 жылы Семей губерниясы мен Троицкийде жер аудару басқармасының шектеу қоюының әсерінен [10] жер аударушы колоннаның жер көлемі азайды. Алайда, Павлодар уезінде немістер қоныс аударған 7 ауылдың негізі қаланды. Олардың жалпы алып жатқан аумағы 58 мың шаршы шақырым болды. Бұл ауылдар Константиновский, Васильевский, Борисовский, Заворовский, Надаровский, Аввакумовский және Ново-Ивановский атты елді-мекендер. 1907 жылы Павлодар уезінде 94 отбасы (588 адам) орналасты, 1908 жылы – 384 отбасы (440 адам), және 1910 жылы – 85 отбасы (519 адам), 1907–1910 жж. жалпы барлығы 793 отбасы (5034 адам) орналасты. 1910 жылдан бастап неміс қоныс аударушыларына жоғары билік өкілдерінің қолдауымен бос жерлерде тұруға рұқсат етілді. Нәтижесінде, Екатериновский, Өскемен уездерінде неміс қоныстанушыларының ауылдары пайда болды. Бұл уездерде немістер сондай ақ Сухая және Зеленая Балка ауылдарында қоныстанды, олар жергілікті орыстармен бірігіп тұрды. XX ғасырдың басында неміс ауылдары Көкшетау уезінде де пайда бола бастады. Олар Введенское, Златорунное, Келлеровское, Любимовское, Розовское, Линеевское және басқалар [4, 26 б.].

Сонымен қатар 1909–1910 жылдары немістердің келесі бір үлкен бөлігі орыс шаруаларымен бірге Семей облысындағы Петропавл Зайсан уезіне қоныс аударды. Сонымен қатар, олардың ұсынысы бойынша Семей губерниясына Дала генерал-губернаторының рұқсатымен 1911 жылы Қарқаралы уезінде Челым және Кенасу жерлеріне қоныстандырды. Бірақ, кейіннен Зайсан уезіне келе жатқан немістер өз жоспарларын өзгертіп Өскемен және Павлодар уезіне қоныстанды.

Немістер Сырдария облысына да орналасып, оңтүстік аймақтарға да тарады. Немістер Сырдария облысына XIX ғасырдың 80-жылдары қоныстана бастады. Сырдария облысына немістердің келуі 1880 жылы Әулиеата уезіне келумен басталды. Бұл аймақтарға немістер Ресейдің Таврия губерниясының Бердянск, Самара, Новоузенск уездерінен келген немістер орналасты. Олар жүз отбасы көлемінде болып, Талас өңіріне келіп қоныстанды. Мұнда 1882 жылы немістердің қоныстанған төрт ауылы құрылды. Олар, Николайполь, Владимировка, Андреевка, Романовка ауылдары болып, мұның барлығы Николайпольское деген бір кішігірім ауданға бірікті. Бұл аймақтарда бір-біріне бірнеше шақырым қашықтықта орналасқан ауылдар болды.

XX ғасырдың басында Сырдария облысына Поволжье және оңтүстік Украинадан неміс шаруалары көшіп келе бастады. Туылу көрсеткішінің үлкеюіне байланысты жерсіз және тіркеусіз жүрген шаруалардың көбеюіне әкеліп соқтырды. Жердің шектеулі көлеміне байланысты әкімшілік ол жерлерге көшіп келуге тыйым салуға мәжбүр болды. Дегенмен өз еріктерімен көшу барлық елді мекендерде болды. 1907 жылы 30-ға жуық отбасы немістердің ескі тұрғындары Алексеев ауылын құрған Шудың төменгі ағысына көшті. 1908 жылы 45 неміс отбасы Бишташ ауылымен «келісім жасасып» Иоганнесдорф ауылының негізін қалады. 1911 жылы Әулиеатада 1500 неміс болды. 1911 жылы Әулиеата уезіндегі Орловка ауылында 29 жерсіз отбасы болды [11].

Сырдария облысының Ташкент уезінде Константиновка ауылында XX ғасырда Волга бойынан қоныстанған немістердің жерлестері мен туыстары келе бастады, 1910 жылы онда 90 отбасы тіркеуге алынбаған шаруалар жиналды. Әкімшілік бұл жағдайды қарастыруға мәжбүр болды,

нәтижесінде Ақжар станциясынан алыс емес жерден, жер көлемі 1000 десятинаға жуық бұрын өздері жалға алған жерлер берілді. Осылайша Оңтүстік Қазақстанда Степное ауылы құрылды. 1912 жылы Сырдария облысындағы неміс халқының саны 7628 адам деп есептелді.

Қазақстандағы неміс халқының тұрмысы мен әлеуметтік жағдайы. XIX–XX ғасырлардың тоғысында Қазақстанға қоныс аударған немістердің әлеуметтік-таптық құрамы жағынан қарастырылғанда олардың басым бөлігі шаруалар болатын. Ақсүйектер тобына жататындар саны аз болды және олардың басым бөлігі қалада тұрды. Санақ мәліметтері бойынша 700-ге жуық неміс шағын кәсіппен айналысты немесе біреуге жалданып жұмыс жасады. Қоныс аударғандардың 84% егін шаруашылығымен айналысты. «Олар жер жырту, егін шаруашылығымен айналысу ісін жақсы меңгерген, олардың мектептер мен шіркеулері бар, орналасқан жерлері Ресейдің шағын қоныстары іспеттес» – деп жазылды олар туралы баспа беттерінде. Немістердің шағын бөлігі өңдеу өнеркәсіптерінде жұмыс жасады.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында ірілі-кішілі қалаларда неміс қоныс аударушыларының қауымдастықтары қалыптасты. Ауылдағы неміс халқының саны басымдау болды.

Қара теңіз бен Волга жағалауларынан қоныс аудару 1880 жылдары басталып, 1914 жылға дейін созылды. Жаңа географиялық ортаға бейімделу, өндірістің өзге түрлерін игеру, ұлттық ерекшеліктер, өкіметтің орыстанған іс-шараларының басымдығына қарамастан, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде неміс ұлтының бейімделу мерзімінің ұзаққа созылуының жалпы себептерін бөліп атауға болады: жоғары білімділік деңгейі, ауқатты тұлғалардың үлесі мол болды. Ауылдық жерлерде: жер үлесінің меншікке берілуі, облыстық деңгейде жергілікті өзін-өзі басқару мүмкіндігі [12].

Қазақ жеріне орналасқан немістер негізінен ауыл шаруашылығымен айналысты. Далалық жұмыстар озық құралдармен жүргізілді: екі темір соқа арқылы жүзеге асырылды, егін жинау кезінде пайдаланылатын ұнтақтаушы, жер жырту қауымдастықтар меншігі болып табылады. Сырдария облысының неміс шаруалары мен дихандары белсенділік танытты. Әулиеаталық немістердің экономикасының негізгі салаларының бірі сүт шаруашылығы болды, ол сыр қабылдау және май қабылдауға негізделіп әзірленді. Ірімшік және май қабылдау қатысты бірінші ірімшік зауыты 1888 жылы салынды. 1912 жылы жергілікті жерде 12 қызметкерлері бар 4 ірімшік қабылдау мекемесі және 6 май өндіруші мекемелер болды. 1909 жылы Түркістан өңіріндегі Романовкада сиырдың сүтінен шығатын май зауыт ашылды. 1913 жылы ол жерде 7 адам жұмыс істеп 1320 пұт май шығарылды. Барлық сүт өнімдері және шұжық, ұн сияқты өнімдер тек Әулиеата қаласындағы шаруаларға ғана сатылмай, Түркістан мен Ташкентте де сатылды. 1892 жылы шамамен 100 отбасы самаралық және Саратовтан қоныс аударған немістер Ташкент қаласынан бастап Константиновка ауылына дейін 30 км. жерді мекендеді (Тоболино селосы Сарыағаш ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы). Константиновкаға жергілікті шаруаларға жер сұраған хаттар келіп жатты, бірақ жоғарғы жақтың нұсқауларымен жер берілмеді, 1910 жылы Ақжар аумағына 80 жанұя орналастырылды, ол Константиновка ауылына жақын болды. Ауыл Степное деген атқа ие болды, 1911 жылы ауылдарда 1280 адам тұрды. Ауылдың сыртқы көрінісі өте жинақы, айналасы бау бақшамен қоршалған тап таза үйшіктер. Әрбір үйде шаруашылық машиналары болды. Ауылға жақын орналасқан Келес өзенінен арналар тартылды. Бұл ауылда тұрған немістердің еңбекқорлығы жергілікті халыққа үлгі болды.

Шаруалар көбіне астық өндірумен айналысты бидай, сұлы картоп егумен айналысты. Қазақтардан жерді жалға алды. Жер шаруашылығынан басқа солтүстік аймақтарда мал шаруашылығы, с.с. сүт бағытындағы мал шаруашылығы, май өндіру шаруашылығымен айналысты. 1912–1913 жылдары Ақмола, Семей облыстарында да май шығаратын топтар құрылды. Оның ішінде Келлеровка, Линеевка және Сокологорова атты неміс ауылдары болды. Олардың ең үлкені Линеевская болды. Ол 1913 жылы 707 пұт май шығарды [13].

Жоғарыда атап өткендей, I Дүниежүзілік соғыстың алдында аймақ бойынша неміс халқының жалпы ортақ саны жеті мыңнан астам адам болған деп есептеледі. Оның 6,5 мыңға жуығы суармалы жерлерді мекендеген. Тағы бір айта кетерлігі қазақ, орыс, украин халықтарынан діни жағынан да, тілдік және тұрмыстық жағынан да ерекшеліктері бар неміс халқы оқшау шоғырлануды қалады. Немістердің тек кейбір жеке шаруа отбасылары ғана орыс немесе украиндар көбірек тұратын ауылдарда оқшаулау шоғырланды.

1915 жылғы есеп бойынша Ақмола губерниясының қазыналық жерлеріне 56 неміс ауылы негіз салды, олардың өлшемі 260 мың шақырымға 27 мың адам қоныстанды. Бұл уақытта Семей облысында 6 мыңға жуық немістер 8 кішігірім неміс ауылдары болды және кейбір ауылдарда орыстармен бірге тұрды. Бұл губернияда немістер 60 учаскелік егістік жерге иелік еткен және олардың үлкен бөлігі шабындық жерлер болды.

Бұл жағдайға қарай отырып, Қазақстанға қоныс аударған немістердің негізгі күнкөріс көзі ауыл шаруашылығы болып, олардың басым бөлігі суармалы егіншілікпен айналысты. Сонымен қатар, Ақмола, Семей және Торғай облыстарындағы неміс тұрғындары күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды өндірумен де айналысты. Күнделікті тұрмыста қажетті заттарды өз үйінде жасап шығару жұмыстары болашақта кішігірім цехтар мен өндіріс орындарының қалыптасуына ықпал етті.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Қазақстанға көшіп келген немістердің діні мен мәдениеті. XIX–XX ғасырлардың тоғысында Қазақстан жеріне қоныс аударған неміс этносының өзіндік діні мен мәдениеті сақталды. Немістер Христиан дінінің лютерандық, меннониттік, протестанттық бағытын ұстанды және олардың мәдениеті соған негізделді. Неміс халқы Қазақстанға көшіп келген соң да өз діні мен салт-дәстүрін ұмытпай, оны берік сақтап дамытты. XIX–XX ғасыр шектеуінде Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстанға 4556 лютеран мен 62 католик қоныс аударды.

Наным сенімдері бойынша 80%-дан аса бөлігі лютеран болса, аз ғана бөлігі меннонит жолын ұстанған. Лютеран мен меннонит жолын ұстанғандардың көбісі алғашында Омбы және Петропавл уездерінде қоныстанды. Көкшетау уезіне көшіп келген немістердің көпшілігі католиктер болды, Мыңға жуық неміс Ақмола уезінде тұрды. 1914 жылы Торғай облысында 11,7 мың неміс, Қостанай уезінде 10,7 мың (өз халқының 3%) құраған адам бар деп есептелінді; олардың 60%-ы католиктер, қалғандары лютерандар болды. 1910 жылы Петропавл уезінде саны 5 мың болатын 793 отбасы қоныстанды. Бұл жерде немістердің басым бөлігі меннониттік жолын ұстанды. I дүниежүзілік соғыс қарсаңында Ресей немістері аймақтың үлкен этникалық тобына айналды. Мәлімет бойынша Ақмола уезінде және Семей облыстарында неміс шаруалары мекендеген 106 қоныс құрылды [14].

Немістер әдетте бір-біріне жақынорналасқан үш-төрт ауыл болып қоныстанды. Мемлекеттік ережелерге сәйкес кейбір жағдайларда ауылдар моноэтностық және моноконфессионалды болды. Сондай-ақ, діни сеніміне қатысты мәселелер ауылдың жалпы күнделікті өміріне үлкен әсерін тигізді. Сондықтан, әкімшілік әртүрлі қиындықтарды болдырмау үшін бір учаскеге бір дінді ұстанатындарды қоныстандырды. Меннонит қауымдастықтары тарихи дәстүрлер бойынша жаңа орынға қоныстанушыларға көмек беріп тұрды. Неміс халқының керемет еңбексүйгіштігі пен ұйымдастырушылық қабілеті және протестанттық діни тәрбие неміс деревнясының ауқатты да, гүлденген аумаққа айналуына ықпал етті.

1913–1914 жылдары Мәскеулік евангелистік-лютерандық консистория дала облыстарында төрт лютерандық орталыққа біріктірілді: біріншісі Омбы уезіндегі Александрский неміс уделіне, екіншісі Ақмола уезіндегі әулие Петр орталығына біріктіріліп және қалған екеуі Павлодар уезіне тиесілі болды. Орталығы Розовка болған бөлімшеге Акимовка, Ульяновка, Луганское, Анастасьевка ауылдары енгізілді; екіншісі Новоивановкада болып, оған Тихоновка, Любомировка, Приветное, Владимировка, Васильевка, Авакумовка және Никитовское ауылдары бірікті [14, 112 б.].

Католиктер мен протестанттардың діни дәстүрлері арасында ғасырлар көшінде өшпей келе жатқан қызықты дәстүрлердің бірі – «конфирмация» деп аталады. Конфирмация – бұл жасы 14-ке толған жасөспірімдерді шіркеу қауымдастығына қабылдау рәсімі. Мұндай іс-шара үлкен мереке түрінде ұйымдастырылады. Жасөспірімдерге конфирмация кезінде куәліктер беріледі, одан соң куәліктерді үйдің ең құрметті жеріне бетіне шыны салып, қораптап іліп қоятын болған. Шығыс Қазақстан жеріндегі Кенюхово мен Пруггероно ауылдарында немістер аз қалғанымен, бұл дәстүр әлі күнге дейін сақталған. Пруггероно селосының тұрғындары лютеран сенімін уағыздайды. Ағайынды Пруггерлер Библияны жақсы білетін және барлық тұрғындарды қауымдастыққа біріктірген еді. Діни құлшылық жексенбі күндері түске дейін уағыз түрінде бір-екі сағатқа созылатын. Музыка сазымен діни өлеңдер айтылатын. Мұндай дәстүр Горкуново мен Убинка ауылдарында қазіргі уақытқа дейін сақталған. Кенді Алтайдағы немістердің басым бөлігін протестанттар: лютерандар мен баптистер құрайды.

Далалық өлкеге қоныс аударған немістердің ортасы үлкен көлемдегі сектанттардан құралды. Алғашында жергілікті халықтың санасында олардың жергілікті православие шіркеулері мен олар-

дың өкілдеріне елеулі түрде қауіп төндіруі мүмкін деген көзқарас туындады. Алайда, немістердің діни және мәдени ұстанымдары жергілікті Православ дінін ұстанатын орыс халқына ешбір кедергісі болуы мүмкін емес еді. Өйткені, Далалық өлкеге қоныстанған немістердің саны мен олардың ұстанатын секталары көп болғанымен, олардан ешбір діни алауыздық тумауы анық болды. Олардың басты мақсаты тіршілік көзін тауып қазақ жеріне еркін орналасу болды. Осының негізінде 1905 жылы 17 қазанда арнайы Манифест қабылданды. Ол бойынша немістерді діни және мәдени ерекшеліктеріне қарай бөлместен орыстармен бірге немесе жеке қоныстандыру қарастырылды. Себебі, бұған дейін немістерді діни және мәдени ерекшеліктеріне сай жеке орналастыру туралы үкіметке ұсыныстар түскен еді. Мұндай «мәдени қақтығыстар» Дала өлкесіне немістер мен орыстардың көптеп орналасуынан туындауы мүмкін деген тұжырым жасалды.

Немістер діни мейрамдар арасында Благовещение, Рождество, Воскресенье Христово, Троица мейрамдарын ерекше құрметтейді. Жаңа жылмен егін орағы күндерін атап өтеді. Немістердің дара қайталанбас мәдениеті, дәстүрі мен тұрмысы дінмен тығыз байланысты болды. Ресей немістері сияқты қазақстандық немістер де протестанттық пен католиктік діндерді ұстанды және уағыздады. Ұзақ жылдар бойы Ресей немістерін бір-бірімен байланыстырып тұрған діни құндылықта болды. Олар тарихи отандарынан діни кітаптар алдыратын болған. Ресейлік дін қызметкерлері де сол жақтан діни уағыз үйренетін.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазіргі Қазақстан территориясына Ресейдің әр түрлі аймақтарынан қоныс аударған немістердің саны әрдайым өсіп отырды және олардың қазақ жеріне қоныстануымен орналасу процесі жылдам жүрді. Мұның нәтижесінде XX ғасырдың басында неміс халқы Қазақстандағы ең үлкен этникалық топтардың біріне айналды. Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде Қазақстанда немістер сан жағынан жергілікті қазақ халқы мен осында өмір сүріп жатқан өзге этностар өзбек, орыс, украин және ұйғыр халықтарынан кейінгі орынды иеленді. Бұл өте аз уақыт ішінде немістердің Қазақстанға көптеп көшіп келуінің нәтижесі еді. Немістердің Қазақстанға қоныс аударуындағы басты ерекшелік, олар Қазақстанның дерлік барлық аймақтарына орналасты. Қазақстанға қоныстанған немістер негізінен Сырдария, Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстарына орналасты. Соның ішінде, ерекше Қазақстанның далалық өлкелеріне Ақмола мен Семей облыстарына көптеп шоғырланды. Неміс халқы өзінің рухани мәдениеті мен тілін, дінін сақтай отырып, жергілікті қазақ халқымен тығыз араласты. Олар Қазақстанды өзінің туған отанындай сезініп, еркін және бейбіт өмір сүрді. Немістер Қазақстанның орталық аймақтарымен бірге шеткі және шекаралас аймақтарына да орналасты. Оның ішінде Ташкент пен Омбыда, және Оралда мекендеді. Діни сенімі бойынша барлық аймақтарда лютеран, католик, менонит, адвентист, баптист сеніміндегі немістер болды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан соң, Германиямен тығыз саяси-экономикалық байланыстар орнатылды. Герман билігі қазақ халқына немістерге үлкен құрмет көрсетіп, өз баурына басқаны үшін ерекше алғыс білдірді. Мемлекетаралық байланыстардың орнатылуынан соң, XIX–XX ғасырлардың тоғысында Қазақстанға көшіп келген қазақстандық немістердің ұрпақтарының көпшілігі өздерінің тарихи отандарына көшіп кетті. Алайда, олар туған Отаны Қазақстанды ұмытпайды. Немістердің Қазақстаннан көптеп көшіп кетуі Қазақстанның демографиялық тарихында ерекше орын иеленді.

Қорыта айтқанда неміс этносының Қазақстан көші-қонының, елдің демографиялық тарихында алатын ерекше орны бар.

ӘДЕБИЕТ

[1] Материалы по переселенческому хозяйству в Степной и Тургайской областях, собранные и разработанные экспедицией по исследованию Степных областей. Ақмолинская область. Ақмолинский уезд. Т. II. – СПб., 1907.

[2] Кошман Т.В. Немецкое население степного края в конце XIX – начале XX вв. // «История немцев Центральной Азии». Материалы международной научной конференции. – Алматы 1998. – С. 31-34.

[3] Кригер В.Э. Социально-экономическое развитие немецкой переселенческой деревни Казахстана (дореволюционный период): Автореф. ... канд. истор. наук. – Алма-Ата, 1991. – С. 14-15.

[4] Вибе П.П. Переселение немцев-колонистов в Степной край в конце XIX – начале XX вв. (на примере Ақмолинской и Семипалатинской областей) // «История немцев Центральной Азии» Материалы международной научной конференции. – Алматы, 1998. – С. 19-30.

[5] Алексеев Н.В. Статистические источники по демографии Казахстана. – Усть-Каменогорск, 1999.

- [6] Алексеев А.Н. По: Первая Всеобщая Перепись населения Российской империи, 1897.
 [7] Обзор Акмолинской области за 1914 год. – Омск: Изд. Омского стат. ком., 1915. – 78 с.
 [8] Gerhard Fast: In den Steppen Sibiriens. – Rosthern, 1957. – S. 144.
 [9] Freie Flur. Deutscher Bauernkalender. – Pokrowsk, 1927. – S.127.
 [10] Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX века – 1917 год). – М., 1986. – С. 164-171.
 [11] Krieger V. The formation level of the Volga Germans after the population census of the year 1897, 1926, 1939. Jahrbuch für Internationale Germanistik. – XXXVI. – 2004. – № 2. – S. 35-47.
 [12] Кригер В. Особенности адаптации немецкого населения в Центральной Азии до 1917 г. // «История немцев Центральной Азии». Материалы международной научной конференции. – Алматы, 1998. – С. 35.
 [13] Кригер В. Рейн–Волга–Иртыш: Из истории немцев Центральной Азии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006.
 [14] Кригер В.Э. Немецкая переселенческая деревня Казахстана (на рубеже XIX–XX веков) // Советские немцы: История и современность Материалы Всесоюзной научно-практической конференции. – М., 1990. – С. 110-115.

REFERENCES

- [1] Materialy po pereselencheskomu hozjajstvu v Stepnoj i Turgajskoj oblastjah, sobrannye i razrabotannye jekspediciej po issledovaniju Stepanyh oblastej. Akmolinskaja oblast'. Akmolinskij uезд. Т. Р. SPb., 1907.
 [2] Koshman T.V. Nemeckoe naselenie stepnogo kraja v konce XIX-nachale XX vv. // «Istorija nemcev Central'noj Azii». Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii. Almaty 1998. S. 31-34.
 [3] Krieger V.Je. Social'no-jekonomicheskoe razvitie nemeckoj pereselencheskoj derevni Kazahstana (dorevoljucionnyj period): Avtoref. ... kand. istor. nauk. Alma-Ata, 1991. S. 14-15.
 [4] Vibe P.P. Pereselenie nemcev-kolonistov v Stepnoj kraj v konce XIX – nachale XX vv. (na primere Akmolinskoj i Semipalatinskoj oblastej) // «Istorija nemcev Central'noj Azii» Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii. Almaty, 1998. S. 19-30.
 [5] Alekseenko N.V. Statisticheskie istochniki po demografii Kazahstana. – Ust'-Kamenogorsk, 1999.
 [6] Alekseenko A.N. Po: Pervaja Vseobshhaja Perepis' naselenija Rossijskoj imperii, 1897.
 [7] Obzor Akmolinskoj oblasti za 1914 god. Omsk: Izd. Omskogo stat. kom., 1915. – 78 s.
 [8] Gerhard Fast: In den Steppen Sibiriens. Rosthern, 1957. S. 144.
 [9] Freie Flur. Deutscher Bauernkalender. Pokrowsk, 1927. S.127.
 [10] Bekmahanova N.E. Mnogonacional'noe naselenie Kazahstana i Kirgizii v jepohu kapitalizma (60-e gody XIX veka – 1917 god). M., 1986. S. 164-171.
 [11] Krieger V. The formation level of the Volga Germans after the population census of the year 1897, 1926, 1939. Jahrbuch für Internationale Germanistik. XXXVI. 2004. № 2. S. 35-47.
 [12] Krieger V. Osobennosti adaptacii nemeckogo naselenija v Central'noj Azii do 1917 g. // «Istorija nemcev Central'noj Azii». Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii. Almaty, 1998. S. 35.
 [13] Krieger V. Rejn–Volga–Irtys: Iz istorii nemcev Central'noj Azii. Almaty: Dajk-Press, 2006.
 [14] Krieger V.Je. Nemeckaja pereselencheskaja derevnja Kazahstana (na rubezhe XIX–XX vekov) // Sovetskie nemcy: Istorija i sovremennost' Materialy Vsesojuznoj nauchno-prakticheskoi konferencii. M., 1990. S. 110-115.

ПЕРЕСЕЛЕНИЕ НЕМЦЕВ В КАЗАХСТАН (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО XX вв.)

Т. А. Апендиев

Ведущий специалист НАН РК, PhD докторант Института истории имени Ч. Ч. Валиханова

Ключевые слова: Казахстан, немцы, этносы, Россия, переселение, Поволжье, демография, немецкая культура.

Аннотация. В статье рассматривается история переселения в Казахстан представителей немецкого этноса в период с конца XIX века по 1917 год. Представители немецкого этноса в указанный период расселились в разных регионах Казахстана. Одной из основных причин переселения немецкого этноса послужило начало Первой мировой войны. Переезд немцев в Казахстан стал одной из причин создания новых сел и населенных пунктов. Местное население с уважением приняло переселенцев, оказывая им при этом посильную помощь в обустройстве. Прочно осев на казахской земле и тесно общаясь с местным казахским населением, немцы сформировали свое хозяйство и быт, при этом строго придерживались своей религии и культуры. В результате после Октябрьской революции в XX веке немцы составили самый крупный по численности этнос в Казахстане. В статье приводятся результаты исследований причин переселения немцев в Казахстан, места их расселения, их социальные и бытовые условия, хозяйственная деятельность, история их религии и культуры.

Поступила 05.05.2016 г.

THE NATURE OF THE MORAL AND PHILOSOPHICAL CONFLICTS

N. B. Akysh

Institute of Literature and Art named after M. O. Aueзов

Keywords: soviet authority, novel, imaginative literature, moral, writer, plot, character, idea, subject, philosophy.

Abstract. The article includes comprehensive analysis of the artistic parameters of the «Circle» novel by O.Sarsenbay which was awarded with the State Prize during the period of independence. The researcher pays particular attention to the methods of depicting the essence of conflict of moral and philosophical nature. Many of artistic achievements of the novel are also typical for modern Kazakh prose. At the same time, some shortcomings of the work have been indicated.

ӘОЖ 821.512.122-3

ИМАНДЫЛЫҚ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАРТЫСТАРДЫҢ ТАБИҒАТЫ

Н. Б. Ақыш

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

Түйін сөздер: кеңес үкіметі, көркем әдебиет, роман, жазушы, иман, сюжет, кейіпкер, идея, тақырып, философия.

Аннотация. Мақалада қазақтың белгілі прозашысы О.Сәрсенбайдың Мемлекеттік сыйлық алған «Шеңбер» романының көркемдік қырлары жан-жақты талданды. Зерттеушінің басымырақ көңіл бөлгені – имандылық-философиялық контекстер табиғатының берілу әдістері. Бүгінгі қазақ прозасына тән көркемдік табыстарымен бірге романның жекелеген кемшіліктері де атап өтілген.

Жазушы Оразбек Сәрсенбаевтың «Шеңбер» атты романы да бір кездері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болған кесек туындылардың бірі. Мемлекеттік сыйлыққа ие болғанына малданып, көркем әдебиетке қойылатын тиісті талаптардың бәрін бағындырып үлгірген шығарма десек, асыра бағалауға ұрынып қалуымыз да мүмкін. Негізгі кемшілігі – көп қаламгерлердің шығармашылығына тән шұбалаңқылық, кейде ұсақ-түйек жағдаяттарды қазбалап кетушілік.

Бірақ уақыт жағынан алғанда өзімен деңгейлес жазылған көптеген заманауи романдармен салыстырып қарағанда, туындының көркемдік бітімі әдебиеттің негізі талаптарымен үйлесім тауып жататын оңды тұстары басым. Түрлі пландағы әлеуметтік, моральдық және психологиялық тартыстардың көрініс табуы, характерлер қақтығысындағы ірілік, замана бедерін білдіретін кейіпкерлер образдарының айқындығы, дәуір шындығының реалистік елесі тәрізді көркемдік көрігін қыздыратын ұтымды атрибуттар – романның жеткен эстетикалық биігін біршама айқындайтын оңды нышандар. Бұлардың бәрін тұтастай салыстыра, сабақтастыра қараған күнде романның көркемдік болмысы әжептәуір жоғарылап қалатыны сөзсіз.

Бас қаһарман Токтарбай Арыстанбеков – Кеңес дәуірінде жиі кездесетін орта лауазымдық деңгейдегі басшылардың бірі ретінде типтік деңгейге көтеріле алған. Алдымен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы ретінде оқиғалар сахнасынан көрінетін ол кейін бір

ауданның атқару комитеті төрағасына ауыстырылады. Сол жерде адал қызмет атқарып жүрген оны облысты басқарып отырған досының қалауымен облыстық атқару комитетінің төрағалығына жоғарытылудың рет келеді. Бірақ қызмет бабында болмаса жалпы билік атаулының ләззатына онша қызықпайтын Тоқтарбай сол жұмыс істеп жүрген аудандағы партия комитетінің бірінші хатшылығы қызметінде қалғанды қалайды. Бұл – аудандық масштабтағы ең жоғары басшылық деген сөз.

Романның фабуласы осы қаһарманның қызмет бабындағы түрлі адамдармен қарым қатынасын қалай құратынын көрсетуден, жекелеген проблемаларды шешу барысындағы әрекеттерін суреттеуден тұрады. Романның мазмұнын байытып, әлеуметтік астарын терендетіп тұрған басты көркемдік атрибуттар – сол әрекеттер мен пікірлердің дамуы барысындағы, септесу қисынындағы толассыз қайшылықтар. Алдыға көркемдік мақсат етіп қойған жазушының діттеген жеріне жететін тұсы да осынау ұстанымдар төңірегінде. Айқынырақ етіп айтатын болсақ, шырғалаң оқиғалардың арасынан бой көрсетіп жататын түрлі рангадағы кейіпкерлердің ешқайсысы да шөп басын сындырмастан бостан босқа жүрген жоқ. Қай-қайсысы болсын шығарманың орталық фабуласының қанатын жайып, кенеюіне, өркендей дамуына, қайшыласқан ой-пікірлер мен әрекеттердің одан арман түйінделіп, шиеленісуіне я болмаса тарқатылатын межелі жеріне дейін тақата түсуіне себепші. Автордың түпқазық тұжырымынан, көлденеңдеп келіп, өзекті мәселеге айналып кететін ситуациялардан тысқары қалып жатқан кейіпкер жоқтың қасы десе де болғандай. Олардың қай-қайсысы да белгілі бір рөл, көркемдік жүк арқалап, туындының көркемдік тұғырын тіктей түсуіне қызмет етіп жатады.

Далия жайылып кеткен сюжеттер мен мазасыз ойлардың басын біріктіре, шиыра айтқанда, көркемдік түйіннің жұмыла селбесіп жататын жері де осы. «Далия» деген сөзді қолданып отырған себебіміз – бұл ұғым роман болмысының кең тыныстылығынан, мазмұнындағы панорамалық жүйенің ауқымдылығынан келіп туындайды. Бірінің проблемасына сырттай болса да, екіншісі еріксіз араласып жататын, былайша айтқанда өзара органикалық тірі байланысқа түскен мінез-құлқы саналуан кейіпкерлер қатарының өзі бірсыпыра. Олардың кейбірінің логикалық немесе идеялық жағынан өзара алшақ жатқандай болып көрінуі бір қарағанда ғана. Ал әрқайсысының сыры мен жырына, қиял-қисысына, жан сезіміне қарап, үңіле түссеңіз, олардың басым көпшілігінің автор жоспарлап қойған ортақ ұстанымға қызмет ететінін байқар едіңіз.

Әдепкіде облыстық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы лауазымында көрінетін Тоқтарбай Арыстанбеков кейін аудандық атқару комитеті төрағасы, онан кейін сол ауданның партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарады. Бұқара жұртшылықтың хал-ахуалын жақын жерден біліп тұратын елеулі де ұйымдастырушылық қабілеті мойындалған іскер басшы. Ешкімге бұра тартпайтын, жерлестік, рулық сезімінен аулақ, мүмкіндігінше жан дүниесі таза-лыққа, адалдыққа бейім басшы.

Сөйте тұрып жазушы оны кемшілік атаулыдан ада, мінсіз ұлық деңгейіне дейін көтеріп, жасанды ұстанымның соңына түсіп кетпеген. Басқа әріптестеріне қарағанда, жайбасарлау, таза қазақи психологияға індетте мән бермейтіндіктен, кадрлар арасында құйқылжып жататын нәзік қарым-қатынастардың табиғатына да бойлай бермейді. Оның осындай «осал» тұстарын аңдаған қарсыластары аяқтан да шалып, неше рет сүріндіріп те жіберген.

Бірақ қандай дағдарысты ситуациялардан да алып шығып жататын сәттіліктің себепшісі – бұл кейіпкердің қызметке деген принципті көзқарасынан айнымайтын тиянақтылығы, адалдығы мен табандылығы тәрізді адами қасиеттері. Бас қаһарман Тоқтарбай Арыстанбековтен басқа мінез-құлқы жете ашылып, өмірлік ұстанымдары айқындалған кейіпкерлер қатарында атауға лайықтылары – облыстық прокурор Хансейітов, Қуандария аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Аббас Өтениязов, марқұм Шерәлінің қайын атасы, көкірегі даңғыл болса да, қырсықтығы да қоса жүретін Нысанбай шал, Шерәлінің жесірі Сәбира, «Гигант» колхозының төрағасы, бұрынғы партизан Әлібек Аппақов, облыстық партия комитетінің бірінші Мүбәрак Құснидинов, облатком төрағасы Ермахан Жарбосынов, бірінші автобазаның директоры Ақтай Жаһилов, ауаткомның бірінші орынбасары Тәукеева, екінші орынбасары, бейпілауыз, ішікіш Айтуаров, балабақша меңгерушісі Сәлима Жолдыбаева, «Ара» журналының бас редакторы Қоңқай Түркістани, облыстық қауіпсіздік басқармасының бастығы Захарян, сақалсыз шал, арызқой Арысбаев, байланыс бөлімшесінің бастығы Қаһарманов, Тоқтарбайдың жұбайы Қыздаркүл, Тоқтарбайдың көлік жүргізушісінен

көмекшісіне дейін өскен, өжет те аңғал Сансызбай, өзінің айтуынша «тірі Нартай» болып саналуға тиісті әнші Мұсылманқұлов.

Көлемді туындының ішінде осы аталған кейіпкерлердің сыртқы болмыстары ғана емес, ішкі жан дүниелері де оқырманға елестей алатындай деңгейде ашылған. Бұлар – тіршіліктің қым-қиғаш тарам-тарам жолдарында әр түрлі себептермен бір бірімен тоқайласып қалып жататын немесе қатар өмір сүріп келе жатқан әрқилы ел адамдары. Олардың жеке бастарының бітімдері ғана емес, бір бірімен ара қатынастарының дамуы үдерістерінің, түсінісу эволюциясының өрбу сипаттары да көбінесе дерлік табиғи. Бір сөзбен айтқанда, осы кейіпкерлер арқылы О.Сәрсенбайдың «Шеңбер» романында өз дәуіріндегі қазақ қоғамының тұтастай бір панорамасы жасалған деп тұжырымдаудың қисыны келеді. Бұл арада «панорама» деген сөзді бет алды қолдана беруге болмайтынын, көркемдік жағынан ақсап жататын шығармалардың сыни-ғылыми талдаудың өзегіне айнала алмайтынын, сондықтан да олардағы кейіпкерлер қатарын бұлайша нақты бағалауға келмейтінін қаперге салғанның артықтығы жоқ шығар.

Жазушы Қалихан Ысқақ өзінің «Бүгінгі прозада сурет жоқ» деген мақаласында: «Бүгінгі прозада сурет жоқ. Баяндау, айта беру басым. Сөзбенен сурет салу жетіспейді. Көз алдыға елестейтін нәрсе сурет қой. Проза – тілменен, сөз өнерімен сурет салу. Онсыз бүгінгі кейіпкердің мінезі, заманның болмысы, уақыттың лебізі ашылмайды» [2] деп ашық айтқан болатын. Осы тұрғыдан алғанда, О.Сәрсенбай шығармаларынан бейнелі тіркестермен салынған әрқилы суреттерді көре алатынымыз сөзсіз.

Жазушы кейіпкерлердің диалектикалық болмысын іс-әрекеттер арқылы бейнелеу барысында белгілі бір ситауацияны, сондағы айтылар идеялық ишараны қорытындылай келіп, авторлық ре-маркамен қосымша түсініктермен тиянақтауға ықыласты. Мына төмендегі мысалдар сондай шығармашылық ізденіс пен көркемдік ұстанымның бір қырын көре аламыз:

«Тоқтарбай болса, айран-асыр: қапелімде қай сезімнің жетегінде кеткенін білмейді. Әйтеуір әнеукүнгі пленумда сөйлеген қисық сөзінің ақыры осындай хикметке әкеліп соққаны айдан анық еді. Ақиқатты айтқаны үшін сонда бұлар мұны артта қалған ауданға «жер аудармақ» екен ғой» [1, 84-б.].

«Тоқтарбай Мүбәрәктің бір басына жетерлік айла-амалы барын бұрыннан білуші еді» [1, 157-б.].

«Хансейітов бірден Жаһиловты «өкіртіп» мақтауға кірісті» [159-б.].

«Тозақ жеті түрлі болады, мүсәпірім... Жаһаннам, Иазы, Жахим, Хатмат, Сағир, Сахр, Хауа» (251), «Манифесті жазған Арысбаев» [1, 257] тәрізді ылғи да баяндау рәуішті қосымша түсініктер осындай жазушылық машықтың мысалдары.

«Бірақ жүлдеден құр қалған Сәлима сұлу қатты бүлініп, делегация басшысының көз алдында төңтеріс мінез көрсетті» [1, 392-б.].

Ауаткомның төрағасының орнына Айтуаровты емес, Тәукееваны ұсыну – облыстық партия комитетінің төрағасы Мүбәрәктің пәрмені.

Қулық-сұмдығының арқасында мол дәулетке кенелген Жаһилов ақырында түрмеге түскенімен, оны қолдаушылардың құрдан құр босқа қарап жатпағаны байқалады. Соның бір мысалы – романның аяғында Радикулит тәрізді бұзықтардың ауданның бірінші хатшысы Тоқтарбайға иенде жолығып, әлімжеттік, тіпті қаскүнемдік жасағысы келуі. Бұл эпизод романның басында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары Шерәлі Дүйсенбаевтың жұмбақ қазасын еске салады. Аяқ астынан басына төнген қатерден хатшыны аман-есен алып шығатын – қасындағы көмекшісі Сансызбай. Егер ол болмағанда бас қаһарманның өміріне қауіп бұлтының үйіріліп, марқұм Шерәлінің жолын құшуы анық еді.

Талданып отырған осы романды тайпалған жорғадай төрт аяғынан тең түскен мінсіз туынды десек, артық бағалауға ұрынып, оқырмандар алдында кінәлы болып қалуымыз да да ғажап емес. Қайталап еске салғанда, негізгі міні – бас-аяғы жұмырланып келетін ширақтықтың жетіспеуінде. Кейбір тұстары оқырмандардың жекелеген категориялары үшін шұбалаңқы болып көрінуі әбден ықтимал.

Талдау барысын шиыра келіп түйіндегенде, О.Сәрсенбайдың «Шеңбер» романын қазақ еліндегі орта және төменгі эшелондағы басшылық қызметінің адами факторларын әр қырынан ашып, психологиялық-моральдық тұрғыдан тереңдей көрсеткен, қыртысын қопарып жеткізе алған әлеуметтік салмағы терең шығарма деп қабылдай аламыз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Сәрсенбай О. Шығармалары. Шеңбер: Роман. – Алматы: Қайнар баспасы, 2011. – Т. 5. – 400 б.
[2] Ысқақ Қ. Бүгінгі прозада сурет жок // Қазақ әдебиеті. – 2011. – № 10. – 3 наурыз.
[3] Нұрғалиев Р. Әдеби тұлға. Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму: Монография. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.

REFERENCES

- [1] Sarsenbay O. Shygarmalary. Shengber: Roman. Almaty: Kainar, 2011. Vol. 5. 400 b.
[2] Ysqaq Q. Bugingi prozada suret zhok // Qazaq adebieti. 2011. N 10. 3 nauryz.
[3] Nurgaliyev R. Adebi tulga. Telagys. Adebi dastur men adebi damu: Monographiya. Almaty: Zhazushy, 1986. 440 b.

ПРИРОДА МОРАЛЬНО-ФИЛОСОФСКИХ КОНФЛИКТОВ

Н. Б. Акыш

Институт литературы и искусства им. М. Ауэзова, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: советская власть, роман, художественная литература, мораль, писатель, сюжет, герой, идея, тема, философия.

Аннотация. В статье всесторонне анализируются художественные параметры романа О. Сарсенбая «Круг», получившего Государственную премию в годы независимости. Исследователь особенно уделяет внимание на методы отображения сути конфликта морально-философского характера. Многие художественные достижения романа присущи и современной казахской прозе. Вместе с тем указаны отдельные недостатки данного произведения.

Поступила 05.05.2016 г.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 1991-3494

Volume 3, Number 361 (2016), 131 – 137

**DISSOLUTION OF THE NICKEL ELECTRODE
IN PHOSPHORIC ACID AT POLARIZATION
BY STATIONARY AND NON-STATIONARY CURRENTS**

A. B. Bayeshov¹, S. S. Yegeubayeva¹, A. S. Kadirbayeva¹, A. K. Bayeshova², B. S. Abzhalov³

¹Institute of Fuel, Catalysis and Electrochemistry of D. V. Sokolsky, Almaty, Kazakhstan,

²Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan,

³K. A. Yassawi Kazakh-Turkish International University, Turkistan, Kazakhstan.

E-mail: bayeshov@mail.ru, altinay_aidyn2789@mail.ru, azhar_b@bk.ru

Keywords: electrolysis, alternating current, nickel, electrode, polarization.

Abstract. The aim of the work was to study the electrochemical dissolution of nickel in aqueous solutions of phosphoric acid at polarization of a pair "titanium-nickel" electrodes by alternating current of industrial frequency. Influence of density of current and concentration of acid on dissolution process is considered. At change of density of current on a titanic electrode in the range 10–125 A/m² the value of yield on dissolution current of nickel increases, reaches a maximum (99.6%) at 75 A/m² and further is decreased. At change of density of current on a nickel electrode in the range of 50–300 A/m² there is a reduction of the yield on dissolution current from 99.5 to 10%. The concentration of phosphoric acid affects the dissolution process, in accordance with its properties in the range of 25–100 g/l there is a considerable increase of the yield on current (20-98.9%). At increase in value of concentration from 100 to 200 g/l phosphoric acid as electrolyte, becomes weaker, and it leads to decrease in magnitude of the yield on current to 12%. For comparison process of electrochemical dissolution of nickel at polarization by a direct current is considered. It is found that process of dissolution of nickel at polarization by alternating current proceeds much more effectively.

СТАЦИОНАРЛЫ ЖӘНЕ СТАЦИОНАРЛЫ ЕМЕС ТОКТАРМЕН ПОЛЯРИЗАЦИЯЛАНҒАН НИКЕЛЬ ЭЛЕКТРОДЫНЫҢ ФОСФОР ҚЫШҚЫЛЫ ЕРІТІНДІСІНДЕ ЕРУІ

А. Б. Баяшов¹, С. С. Егеубаева¹, А. С. Кадирбаева¹, А. Қ. Баяшова², Б. С. Абжалов³

¹«Д. В. Сокольский атындағы органикалық катализ және электрохимия институты» АҚ, Алматы, Қазақстан,

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,

³Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Тірек сөздер: электролиз, айнымалы ток, никель, электрод, поляризация.

Аннотация. Жұмыстың мақсаты өндірістік жиіліктегі айнымалы токпен «никель-титан» жұбын фосфор қышқылының сулы ерітінділерінде өндірістік жиіліктегі айнымалы токпен поляризациялау арқылы зерттеу болып табылады. Еру процесіне ток тығыздығының және қышқыл концентрациясының әсерлері қарастырылды. Титан электродындағы ток тығыздығын 10–125 А/м² аралығында өзгерткенде, никелдің еруінің ток бойынша шығымының мәні артып, 75 А/м² кезінде 99,6%-ға дейін жетеді, содан кейін азаяды. Ал никель электродындағы ток тығыздығын 50–300 А/м² аралығында өзгерткен кезде, ерудің ток бойынша шығымы 99,5%-дан 10%-ға кемиді. Фосфор қышқылының концентрациясы оның қасиетіне сәйкес әсер етеді, 25–100 г/л аралығында ток бойынша шығым мардымды түрде артады (20–98,9%). Қышқыл концентрациясын 100 г/л-ден 200 г/л-ге дейін өсіргенде фосфор қышқылы электролит ретінде әлсізденеді және осы ток бойынша шығымның 12%-ға дейін төмендеуіне әкеледі. Салыстыру мақсатында, никелдің электрохимиялық еруі тұрақты токпен поляризациялау кезінде қарастырылды. Никелдің еру процесі айнымалы токпен поляризациялау кезінде айтарлықтай тиімдірек жүретіні көрсетілді.

Никелден коррозияға төзімді өнімдер, физика-химиялық өлшемдер жүргізетін аппараттар, машина бөлшектері дайындалады. Жалпы никелдің шамамен 10%-ы никелдеуге, мысалы, темірді, болатты, мысты, жезді және басқа да металдар мен олардың балқымаларын қаптауға қолданылады. Никелдеу гальваникалық тәсілмен іске асырылады. Техникада аса маңызды балқымалар алу үшін никель пайдаланылып жүр [1-4].

Электрохимиялық қасиеті бойынша никель аса кернеулігі жоғары және алмасу тогы өте төмен металдарға жатады. Сондықтан сулы ерітінділерде никель иондарының разряды жоғары поляризациямен жүреді. Темір тобындағы металдарға жататын никель – жоғары адсорбциялық қасиетке ие. Осы қасиетіне байланысты ауада тез пассивацияланады. Металдың бұл қасиеті, оның электрохимиялық қасиетіне де елеулі әсер етеді. Сондықтан никель қышқыл және нейтрал ерітінділерде анодты поляризациялау кезінде оңай пассивтеледі, ал сілтілі ортада мүлдем ерімейді. Никелдің стандартты потенциалы – 0,23 В-ке тең [5-8].


Никель электродының айнымалы токпен поляризациясы кезіндегі сулы ерітінділерде еруінің механизмдері бойынша бірқатар зерттеулер жүргізілген [9-23].

Тұрақты және айнымалы токтар арасындағы ерекшеліктердің анықталуы – металдарды электролиттік өңдеу кезінде байқалатын стационарлы болып табылатын тұрақты токтың кейбір кемшіліктерін толықтыруға мүмкіндік береді. Алайда, өндірістік айнымалы немесе стационарлы емес токпен поляризациялау кезіндегі электродтардағы процестер бүгінгі күнге дейін толық зерттелмеген. Сондықтан, металдардың, оның ішінде никелдің фосфор қышқылы ерітіндісінде айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі электрохимиялық қасиеттері қызығушылық тудырып отыр.

Алдын-ала жүргізілген зерттеулерде, екі никель электродын айнымалы токпен поляризациялағанда олардың еруі байқалмады. Ал никель электродтардың біреуін титан электродымен алмастырғанда, никелдің жоғары ток бойынша шығыммен ерітіндігі көрсетілді.

Осыған орай, жұмыстың мақсаты – жиілігі 50 Гц өндірістік айнымалы токпен никель-титан электродтар жұбын поляризациялау арқылы фосфор қышқылы ерітіндісіндегі никелдің электрохимиялық еру заңдылықтарын зерттеу.

Айнымалы токпен поляризациялау арқылы никель-титан жұбы электродтарын фосфор қышқылы ерітіндісінде ерітуге арналған электролиз қондырғысы 1-суретте келтірілген.




1-сурет – Айнымалы токпен поляризацияланған никель электродын фосфор қышқылы ерітіндісінде электрохимиялық ерітуге арналған қондырғының принципалды схемасы: 1 – электролизер; 2 – никель электроды; 3 – титан электроды; 4 – айнымалы ток көзі – ЛАТР; 5 – амперметр; 6 – кілт

Зерттеулер сыйымдылығы 100 мл-лік термостатты шыны электролизерде (1) жүргізілді. Электролизердегі электрод кеңістігі бөлінбеген. Электролит ретінде фосфор қышқылы (негізгі концентрациясы 100 г/л) ерітіндісі пайдаланылды. Электродтар ретінде – титан сымы (3) (ауданы $3 \cdot 10^{-6} \text{ м}^2$) және никелден (2) жасалған (өлшемі $8,6 \cdot 10^{-4} \text{ м}^2$) тік бұрышты пластинкасы қолданылды. Тізбектен өткен айнымалы ток зертханалық трансформаторлар (4) (ЛАТР) көмегімен реттеліп, ток күші айнымалы ток амперметрі (5) арқылы өлшенді. Ток бойынша шығымы айнымалы токтың анодты жартылай периодына есептелінді.

Айнымалы токты қолдану пассивацияға бейім металдардың, оның ішінде никелдің, еру процесін жеделдететіні белгілі. Осыған орай, никель электродын титан электродымен жұптастырып, фосфор қышқылы ерітіндісінде жиілігі 50 Гц айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі никелдің еруіне ток тығыздығы, қышқыл концентрациясының әсері қарастырылды. Айнымалы токпен поляризациялау кезінде никелдің еруінің ток бойынша шығымы анод жартылай периодына есептелді.


Фосфор қышқылы ерітіндісінде никель-титан электродтар жұбын айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі никелдің еруінің ток бойынша шығымына титан электродындағы ток тығыздығының әсері зерттелінді (2-сурет). Ток тығыздығын $10\text{--}125 \text{ кА/м}^2$ аралығында өзгерткенде, никелдің еруінің ток бойынша шығымы максимум арқылы өтеді. Ол ток тығыздығы $10\text{--}75 \text{ кА/м}^2$ аралығында, 30%-дан 99,6%-ға дейін жоғарылайды. Ал, ток тығыздығын одан ары қарай жоғарылату, никель электродының еруінің ток бойынша шығымын 99,6 %-дан 79,8%-ға дейін төмендеуіне әкеледі.



2-сурет – Никель-титан жұбы электродтарын айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі никель электродының еруінің ток бойынша шығымына титан электродындағы ток тығыздығының әсері

Жоғары ток тығыздықтарында айнымалы токпен поляризацияланған никель электродының еруінің ток бойынша шығымының өсуі, айнымалы токпен поляризациялау кезінде катодты жартылай периодта бөлінетін сутек иондарының анодты жартылай периодта түзілетін оксидтік қабатты тотықсыздандыруымен түсіндіруге болады. Никель электродының еруінің ток бойынша шығымының жүз пайызға жуық еруі, бұл металдың фосфатты қосылысын алу үшін айнымалы токты қолданудың өте тиімді екендігін көрсетеді.

Никель-титан жұбы электродтарын фосфор қышқылы ерітіндісінде айнымалы токпен поляризациялау кезінде, никель электродының еруінің ток бойынша шығымына осы электродтағы ток тығыздығының әсері $100\text{--}300\text{ А/м}^2$ аралығында зерттелінді (3-сурет). Көрсетілген ток тығыздығы аралығында никель электродының еруінің ток бойынша шығымының максимум мәні 100 А/м^2 кезінде орын алып, $99,5\%$ -ды құрайды, содан кейін аздап төмендейді. Никелдегі ток тығыздығы 300 А/м^2 болғанда, оның еруінің ток бойынша шығымы 20% -дан төмен.




3-сурет – Никель-титан жұбы электродтарын айнымалы токпен поляризациялау кезіндегі никель электродының еруінің ток бойынша шығымына никель электродындағы ток тығыздығының әсері

Айнымалы токпен поляризацияланған никель электродының еруінің ток бойынша шығымына фосфор қышқылы концентрациясының әсері $25\text{--}200\text{ г/л}$ аралығында зерттелінді. Фосфор қышқылының концентрациясы артқан сайын ток бойынша шығымның мәні алғашқыда жоғарылап, сонан соң төмендейді. Зерттеу нәтижелері бойынша, фосфор қышқылының концентрациясы $25\text{--}100\text{ г/л}$ аралығында, никель электродының еруінің ток бойынша шығымы $20\text{--}98,9\%$ аралығында жоғарылайтындығын, ал қышқыл концентрациясын $100\text{--}200\text{ г/л}$ аралығында арттырғанда, электродтың еруінің ток бойынша шығымы 12% -ға дейін төмендейтіндігін байқауға болады. Мұны фосфат иондарының концентрациясының өсуіне байланысты электрод бетінде никель фосфатынан тұратын фазалық қабат түзіліп, электрод бетін қаптап қалып, пассивация құбылысының орын алуымен байланысты деп түсіндіруге болады.


Стационарлы тұрақты ток пен айнымалы токтың никель электродының электрохимиялық еруіне әсер ету айырмашылықтарын анықтау және салыстыру мақсатында, кейінгі зерттеу жұмыстары никель электродтарын тұрақты анодты токпен поляризациялау арқылы жүзеге асырылды.

Стационарлы анодты токпен поляризацияланған никель электродтарының еруінің ток бойынша шығымына электродтардағы ток тығыздығының әсері қарастырылды. Анодтағы ток тығыздығының өсуімен никель электродтарының еруінің ток бойынша шығымының мардымды төмендейтіндігі анықталды (5-сурет). Ток тығыздығы 50 А/м^2 кезінде, никелдің еруінің ток бойынша шығымының максималды мәні 88% -ды құрады. Ал, ток тығыздығын одан ары жоғарылату кезінде, никелдің еруінің ток бойынша шығымы 5% аумағында болды. Фосфор қышқылы ерітіндісінде тұрақты токпен поляризацияланған никель электродтарының еруінің ток бойынша шығымының төмендеуін жоғары ток тығыздықтарында металдың пассивациялануына байланысты электродтардың бетінде қосымша реакциялардың жүру жылдамдығының артуымен түсіндіруге болады.



